

Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8965 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 721 қаулысымен бекітілген Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ережесінің 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өтуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2013 жылғы 15 қараша

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2013 жылғы 30 қазандағы
№ 258 бұйрығымен
бекітілді

**Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату
ұйымдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптары**

1. Жалпы ережелер

1-параграф. Еңбек қауіпсіздігінің жалпы талаптары

1. Телерадио хабарларын тарату ұйымдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау осы талаптары (бұдан әрі - Талаптар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 21 тамызындағы № 721 Қаулысымен бекітілген "Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ережесінің" 7-тармағына сәйкес жасалды және меншік нысанынан тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату ұйымдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі негізгі талаптарды орнатады.

2. Осы Талаптар инженерлік-техникалық, әкімшілік қызметкерлері және телерадио хабарларын тарату (бұдан әрі - ұйымдар) ұйымдарының қызметкерлері орындауы міндетті.

3. Осы Талаптарда келесі ұғымдар қолданылады:

1) еңбек қауіпсіздігі – еңбек процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің жай-күйі;

2) блоктау – электротехникалық өнімнің бір бөлігі (құрал), белгілі бір жай-күйде немесе ондағы жол берілмеген жай-күйдің басталуын ескерту мақсатында өнімнің басқа да бөліктерінің қалпында, оның бөліктеріне рұқсат етілмегенде өнім бөліктерінің операцияларын болдырмауға немесе орындалуын шектеуге арналған;

3) жерге тұйықталғыш – жермен не оның баламасымен жанасқан жалғанған металл өткізгіш немесе олардың жиынтығы;

4) жерге тұйықталғыш өткізгіш – жерге қосылған бөліктермен жерге тұйықталғышты біріктіруші өткізгіш;

5) жерге тұйықталу құрылғысы – конструктивті-біріктірілген жерге тұйықталғыш пен жерге тұйықталғыш өткізгіштер жиынтығы;

6) еңбекті қорғау – құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-алдын алу, оңалту және өзге де іс-шаралары мен құралдарын қамтитын, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе;

7) электрорнату – электр энергиясын өндіру, өзгерту, трансформациялау, тапсыру, үлестіру үшін және оны энергияның басқа түріне өзгерту үшін қолданылатын көліктер, аппараттар, сызықтар мен қосымша құрылғылар жиынтығы (орнатылған ғимараттар және жайлармен бірге);

8) наряд – арнайы нысандағы бланкте жасалған және жұмыс барысын, жұмыс орнын, жұмыстың басталған, аяқталған уақытын, оның қауіпсіз өту шартын, адамдар мен бригада құрамын анықтайтын электрорнату қондырғыларымен жұмыс жасауға арналған жазбаша жұмыс;

9) ағымдағы пайдалану – жедел қызметкерлердің (жедел жөндеу) бір кезекшілік ағымында бекітілген аумақта жұмыс жүргізуі;

10) негізгі электрқорғаныс құралдар – оқшаулауы жабдықтың жұмыс кернеуіне төзімді болатын электрқорғаныс құралдар, және олардың көмегімен кернеудегі токөткізгіш бөліктерге қолды тигізуге болады.

Қосымша электрқорғаныс құралдар – электр тогымен жараланудан қосымша қорғаныс ретінде қызмет ететін электрқорғаныс құралдар, кернеудегі токөткізгіш бөліктерге қолды тигізуге болмайды.

11) өкім – өкім алушының өкім берушіден тікелей немесе байланыс құралдары арқылы ауызша түрде өкім беруші немесе өкім алушымен жедел журналда толтырылған электрорнатуда жұмыс жүргізуге берілген тапсырма. Өкімде мыналар көрсетілуі керек: өкімнің кімнен жарияланғаны, орны, мазмұны және жұмыстың орындалған уақыты, қауіпсіздік шараларына сәйкес жұмыс санаты, жұмыс қауіпсіздігін қамсыздандыратын ұйымдық және техникалық іс-шаралар тізімі, жұмыс жүргізушінің, бригада мүшелерінің және олардың электр қауіпсіздігі бойынша біліктілік тобының тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері. Жедел журналда өкімнің берілу, жұмыстың басталу мен аяқталу уақыты белгіленеді.

4. Егер жабдық толығымен немесе ішінара кернеу астында болса, не болмаса жабдыққа кез келген уақытта коммутациялық аппараттың қосылуымен немесе электромагниттік индукция есебінде кернеу берілсе, жабдық іске жарамды болып есептелінеді.

2-параграф. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру

5. Ұйымдағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жалпы нұсқаулар ұйым басшысына (жұмыс берушіге), басшы жоқ кезде оның орынбасарларына міндеттеледі.

6. Саны елу қызметкерлерден асатын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтау мақсатында жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметін құрады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі өз мәртебесіне қарай негізгі өндіріс қызметтеріне теңестіріледі және ұйым қызметінің тоқталуы кезінде ғана жойылады. Қызметкерлер саны елуден асқан ұйымдарда еңбекті қорғау бойынша кабинетке арналған жай бөлінеді.

Қызметтің құрылысы мен санын жұмыс беруші ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 28 қазанда № 1219 қаулысымен бекітілген Үлгі ереже негізінде анықтайды.

Егер қызметкерлер саны елу қызметкерден артық болмаса, еңбек қызметі мен еңбекті қорғау бойынша маманның қызметі туралы шешімді аталған ұйым қызметінің ерекшелігі есебімен жұмыс беруші қабылдайды немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша міндеттер қосымша басқа маманға жүктеледі.

7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту, нұсқау беру, білімін тексеру жұмыс берушінің өз қаражатына өткізіледі.

8. Техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқаманы өткізу (бұдан әрі - нұсқама) сипаты мен уақытына қарай мыналарға бөлінеді:

- 1) кіріспе;
- 2) жұмыс орнындағы бастапқы;
- 3) қайталанған;
- 4) жоспардан тыс;
- 5) мақсатты.

9. Жұмыс орнындағы, қайталанған, жоспардан тыс және мақсатты бастапқы нұсқаманы жұмыстың тікелей жетекшісі өткізеді.

Жұмыс орнындағы, қайталанған, жоспардан тыс бастапқы нұсқаманы, сынақ мерзімінен өткізу мен жұмысқа рұқсат беруді нұсқаманы өткізген жұмыс жетекшісі жұмыс орнында нұсқама журналында жазады.

10. Кіріспе нұсқаманы білімі мен мамандығы, еңбек өтілі мен қызметіне қарамастан барлық жұмысқа алынғандармен, сонымен қатар уақытша қызметкерлермен, іссапарға жіберілгендермен, өндіріс тәжірибесіне немесе оқуға келген оқушы, студенттермен жүргізіледі.

Кіріспе нұсқама қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі маманмен немесе осы міндеттер жүктелген басқа қызметкермен өткізіледі.

Кіріспе нұсқама еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесінің (бұдан әрі ЕҚСЖ) талаптары есебінде ұйым басшыларымен бекітілген еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі құрастырған бағдарлама бойынша өткізіледі, сонымен қатар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында әрекет етуші нормативті құқықтық актілермен сәйкестікте өткізіледі.

11. Кіріспе нұсқама бағдарламасы келесі сұрақтардан тұрады:

- 1) ұйым туралы жалпы мәлімет және оның қызметі;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің негізгі ережелері;
- 3) ұйымдағы ішкі еңбек тәртібінің ережесі;
- 4) ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмыстарын ұйымдастыру;

5) ұйым шекарасында, өндірістік және қосымша бөлмелерде қызметкерлер тәртібінің жалпы ережелері, өндірістік және қосымша бөлмелердің, негізгі қызметтердің орналастыруы;

6) қызмет түріне сәйкес қауіпті және зиянды өндірістік негізгі факторлар, жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды ескерту тәсілі мен құралдары, ұжымдық қорғану құралдары, қауіпсіздік белгілері, дабыл қағу, электр қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптар;

7) жеке тазалық пен өндірістік тазалықтың негізгі талаптары;

8) жекеше қорғану құралдары (бұдан әрі - ЖҚҚ), ЖҚҚ берілуінің реті мен ережелері, оларды қолдану мерзімі;

9) қауіпсіздік ережелерін сақтамағаннан туындайтын өрт, апат, жазатайым оқиғалардың жағдайы мен себебінің жеке сипаттамасы;

10) кәсіби ауруларды, жазатайым оқиғаларды рәсімдеу мен зерттеу тәртібі;

11) өндірістік және өрт қауіпсіздігі, жарылыс, апат, өрт сөндіру құралдары мен тәсілдері, олардың туындауы кезіндегі қызметкерлер әрекеті;

12) цехта, аумақта жазатайым оқиғалар туындаған жағдайда қызметкерлердің әрекеті, жәбірленушілерге алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету шаралары ;

Кіріспе нұсқаманы өткізу нұсқама беруші және нұсқама алушының қолтаңбаларымен тіркеу журналында, сондай-ақ жұмысқа қабылдау туралы құжатта жазбамен белгіленеді.

12. Кіріспе нұсқама жұмыс орнында барлық қызметкерлермен жүргізіледі:

Ұйымға қайта алынғандармен, бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырылғандармен, іссапарға жіберілгендермен, өндіріс тәжірибесіне немесе оқуға келген оқушы, студенттермен, жаңа жұмысты орындаушы қызметкерлермен, сонымен қатар ұйым шекарасында құрылыс жұмыстарын жүргізушілермен;

13. Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқама бағдарламасы мынадай сұрақтардан тұрады:

1) жұмыс орнындағы, өндіріс аумағындағы, цехтағы технологиялық үдеріс пен жабдықтар туралы жалпы мәлімет, шу деңгейі мен рұқсат етілген шектеулі концентрация (бұдан әрі - РШК), қауіпті және зиянды өндірістік негізгі факторлар;

2) жұмыс орнын қауіпсіз ұйымдастыру мен ұстау, көліктің, механизмнің, құралдың қауіпті аймағы, қауіпсіздік шараларының құралдары (сақтандырғыш, тежегіш құралдар , қоршаулар, блоктау мен дабыл қағу, қауіпсіздік белгілері), электр жарақаттанушылықты ескерту талаптары;

3) электр орнатуды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының ережелері (бұдан әрі - ҚТЕ) мен техникалық пайдалану ережелерінің (бұдан әрі - ТПЕ) талаптарына сәйкес жұмысқа дайындалу реті (құралдың, іске қосылатын аппараттың, құрал мен тетіктің, жерге тұйықталғыштың блокталуы және басқа да қоғану құралдары);

4) жұмыстың қауіпсіз әдіс-тәсілдері, қауіпті жағдай туындаған кездегі әрекеттер;

5) жұмыс орнындағы ЖҚҚ мен оны пайдалану ережелері;

6) аймақ, цех шекарасында қызметкерлердің қауіпсіз жүріп-тұру кестесі;

7) цех ішіндегі механизмдер мен жүк көтергіш, көлік құралдары, жүк тасымалы мен тиеу-түсіру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік талаптары;

8) апаттар, жарылыстар, өндіріс жарақаттары жағдайы, кәсіби аурулар мен уланудың өзіне тән себептері;

9) апаттарды, өртті ескерту шаралары, апаттар, жарылыстар, өрт кезіндегі әрекеттер, аймақтағы өрт сөндіру, апатқа қарсы қорғану мен дабыл қағу құралдарын қолдану тәсілдері, олардың орналасу орындары.

14. Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқама қауіпсіз еңбек әдіс-тәсілдерін көрнекі көрсету арқылы әрбір қызметкермен бөлек өткізіледі.

Жұмыстың қауіпсіз әдіс-тәсілін игеруге машықтану мақсатында барлық қызметкерлер жұмыс орнында бастапқы нұсқаманы өткеннен кейін алғашқы екі-үш ауысым ішінде тәжірибелі қызметкерлер болып бекітіледі (жұмыстың сипатына, қызметкердің біліктілігіне байланысты), содан кейін аймақ жетекшісі қайта келген қызметкердің жұмыс қауіпсіздігі әдіс-тәсілін игергеніне көзі жеткеннен кейін, оның өзіндік жұмысына рұқсат береді.

15. Қайталанған нұсқаманы біліктілігіне, біліміне, еңбек өтіліміне, жасалатын жұмыс сипатына (кәсіпорын бұйрығы бойынша нұсқаманың бұл түрінен босатылған қызметкерлерден тыс) қарамастан барлық қызметкерлер өтеді, жарты жылда бір реттен сирек емес.

Қайталанған нұсқама жекеше немесе бір үлгідегі жабдықта қызмет ететін қызметкерлер тобымен жұмыс орнындағы бастапқы нұсқама бағдарламасы бойынша толық көлемдегі жалпы жұмыс орны шеңберінде өткізіледі.

16. Жоспардан тыс нұсқаманы мына жағдайларда өткізеді:

1) қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың нұсқауы, ережесі, әрекет етуші стандарттарына өзгеріс енгізуде немесе жаңа әрекеттерді кірістіруде;

2) технологиялық үдерістің өзгеруінде, еңбек қауіпсіздігіне әсер етуші жабдықты, тетік пен құралды, алғашқы шикізатты, материалдар мен басқа факторларды жаңартуда немесе ауыстыруда;

3) қызметкерлердің жарақат алуға, кәсіби ауруға, улануға, апатқа, жарылысқа немесе өртке алып келетін немесе алып келген еңбек қауіпсіздігін бұзған кезде;

4) қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік қадағалау ұйымының талаптары бойынша;

17. Жоспардан тыс нұсқаманың көлемі мен мазмұны өткізу қажеттігіне орай жағдай мен себепке байланысты әрбір нақты жағдайда анықталады.

18. Мақсатты нұсқаманы мына жағдайларда өткізеді:

1) мамандығы бойынша тікелей міндеттермен байланысты емес бір реттік жұмыстарды орындауда (тиеу-түсіру, шекараны тазалау, цех пен ұйымнан тыс бір реттік жұмыстар);

2) табиғи және техногендік сипаттағы апаттардың салдарын жоюда;

3) наряд-жүктелу дайындалатын жұмыс өндірісі;

4) өндіріс нысанында экскурсия жүргізуде, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруда;

Қызметкерлермен бірге мақсатты нұсқама наряд-жүктелуде жұмыс өндірісінің жоғары қауіпті жағдайларында белгіленеді.

Наряд-жүктелім дайындалатын жоғары қауіпті жағдайлардағы жұмыс түрлері кәсіпорын бұйрығы бойынша анықталады.

19. Зиянды, қауіпті және жағымсыз өндіріс факторлар ықпалына ұшырайтын ұйым қызметкерлері белгіленген тәртіпте жұмысқа алынарда алдын ала және кезеңімен медициналық тексеруден өтеді.

Ұйымдағы зиянды, қауіпті және жағымсыз өндіріс факторлары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі талаптарына сәйкес еңбек шарттары бойынша өндіріс нысандарын аттестациядан өткізу нәтижесінде анықталады.

20. Ұйымдарда өндірістің жергілікті шарттары мен ерекшеліктерін есепке ала отыра, ұйым басшыларымен бекітілген нақты жұмыс түрлеріне еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың нұсқауы жасалады.

3-параграф. Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау бойынша басшының (жұмыс берушінің) міндеті

27. Басшы (жұмыс беруші) қамтамасыз етеді:

1) өндірістік ғимараттар, үймереттер, құралдар, технологиялық үдерістерді қауіпсіз пайдалануға;

2) жеке және ұжымдық қорғану құралдарын тиімді пайдалануға;

3) Еңбек Кодекске сәйкес қызметкерлердің еңбек тәртібі мен демалысын сақтауға;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1458 Қаулысымен бекітілген Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларына және осы Ережелерге сәйкес Қызметкерлерді қажетті мөлшерде санитарлық-тұрмыстық бөлмелермен, жабдықтармен қамтамасыз ету, жұмыс бақылауы мен оларды қолдану;

5) Еңбек Кодексі, осы Талаптар мен басқа да нормативті құқықтық актілер талаптарына сәйкес жұмыс орнындағы еңбек шарты;

6) өрт қауіпсіздігінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеу мен орындау;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген 2012 жылдың 25 қаңтарындағы № 166 Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидаларына сәйкес ұйым қызметкерлерінің алдын ала және кезеңмен медициналық тексерістен өтуін;

8) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1457 Үкіметінің қаулысымен бекітілген Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестациялау қағидаларына сәйкес еңбек шарты бойынша өндірістік нысандарының міндетті аттестациясын өткізу;

9) өндіріс нысандарындағы апаттарды ескеруге бағытталған іс-шараларды өткізу;

10) қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқауларды әзірлеу және бекіту, сонымен қатар онымен барлық қызметкерлердің танысуын қамтамасыз ету;

11) қызметкерлерді оқыту, заманауи нұсқауларды өткізу, олардың өрт сөндіру және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулары мен ережелері туралы білімдерін тексеру;

12) ұйым есебінен қызметкерлерге арнайы жұмыс киімін, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын беру;

13) қызметкерлерді жұмыс орнындағы еңбек шарты және еңбекті қорғау жағдайы, денсаулықтың зақым келу қаупі мен қызметкерлерге тиесілі жеке қорғаныс құралдары, өтемақы, жеңілдіктер туралы ақпараттау;

14) ұйым қызметкерлерімен болған өндірістегі жазатайым жағдайларға уақытында тергеу жүргізу. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 37 тарауына сәйкес қызметкерлермен болған өндірістегі жазатайым жағдайларға тергеу жүргізіліп, тіркеуге алыну қажет;

15) тексеріс жүргізу үшін мемлекеттік бақылау және қадағалау ұйымының өкілдеріне кедергісіз рұқсат ету, егер олардың ұйымдары "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау мен қадағалауы туралы" Заңының талаптарына сәйкес келсе;

16) апатты жағдайлар туындағанда қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуде тиісті шаралар қолдану, оның ішінде жәбірленушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету;

17) міндетті әлеуметтік сақтандыру немесе қызметкерлердің еңбектік қызмет міндетін орындағанда өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

18) ұйымда болған жазатайым жағдайлар мен ұйымдағы еңбек шарты туралы ақпараттар берілгенде бақылау ұйымдарының жарлығын орындау.

4-параграф. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мамандарының міндеті

28. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мамандарының міндеттері:

1) ұйымда қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқару жүйесін әзірлеу және жұмыс істеу;

2) қауіпсіздік және еңбекті қорғау жұмыстарының бірегей тәртібі мен методикалық басқаруды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, осы Талаптарды қадағалауға бақылауды жүзеге асыру;

4) инженерлік-техникалық және басқа қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі мен өндіріс қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін оқытуды жүзеге асыру;

5) механизмдер, электр орнатулар, құралдар мен жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының қадағалауын бақылау;

6) жеке аймақтар, көліктер, механизмдер және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін станоктарда жұмыс жүргізуге тыйым салу;

7) міндетті құрамдық бөлімшелер басшыларына, басшыға (жұмыс берушіге) қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында анықталған бұзылуды жою туралы бұйрықтарды орындау үшін беру;

8) қауіпсіздік нормалары мен осы Талаптардың өндіріс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерді жұмыстан босату;

9) жазатайым жағдайларды, кәсіби ауруларды, кәсіби улануды тергеуге қатысу, оларды ескерту бойынша іс-шаралар әзірлеу және олардың орындалуын қадағалау;

10) техника қауіпсіздігі мен еңбек шартын жақсарту кешенді жоспарларын әзірлеу, олардың орындалуын қадағалау;

11) нормативті құжаттар жобасын жасауға, ұйымда жұмысты қауіпсіз жүргізу бойынша нұсқаулар мен ережелер әзірлеуге қатысу, олардың өзгерту мен толықтыру бойынша ұсыныстарын даярлау;

12) ұйымдардың еңбек шартын жақсартатын механизмдермен және құралдармен, сонымен қатар жекеше, ұжымдық қорғаныс құралдарымен жабдықталуын бақылауды жүзеге асыру;

13) қауіпсіздік және еңбекті қорғау сұрақтары бойынша қызметкерлердің құзырына кіретін ұсыныстары мен өтініштерін қарастыру.

5-параграф. Ұйым қызметкерлерінің міндеттері

29. Ұйым қызметкерлері:

1) осы Талаптарды, өрт қауіпсіздігін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Қазақстан Республикасының Заңнамасын сақтау керек;

2) тағайындау бойынша ұжымдық және жекеше қорғаныс құралдарын пайдаланады;

3) өзі куәгер болған әрбір жазатайым жағдай, кәсіби улану, өндірістегі жағдай, сонымен қатар адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар мен кәсіби аурулар белгілері туралы өзінің тікелей басшысына жылдам хабарлайды;

4) жәбірленушіге алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді және оны медициналық мекемеге (медициналық пункт) жеткізуге көмектеседі;

5) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрығымен және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес міндетті медициналық куәләндірудан өтеді.

2. Жұмыс алдындағы еңбек қауіпсіздігі талаптары

21. Жұмыс алдында мыналар қажетті:

1) жеке қорғаныс құралдарын, арнайы жұмыс киімін ретке келтіру;

2) тетік пен құралдың қолда бары және дұрыстығын тексеру;

3) жерге тұйықталғыш, экран, қақпақ, қорғаныш қаптамасының құралдары мен механизмінің қолда бары және дұрыстығын тексеру;

4) жергілікті жарық жұмысын, сорып алатын желдеткіш пен жергілікті ағып келу жұмыстарын тексеру;

5) аппараттың қосылу және құралдар мен механизмдердің тоқталу әрекетін тексеру. Механизмдер мен құралдарды қосу алдында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатпағанындығын тексеру;

6) іске қосылған механизмдер мен құралдар аймағына бөгде адамдарды жолатпау.

22. Механизмдер мен құралдардың қандай болса да бұзылуы жағдайында тікелей басшыға жеткізу керек.

3. Жұмыс уақытындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары

23. Жұмыс уақытында мыналарға рұқсат етілмейді:

1) тікелей жетекшінің нұсқауынсыз және рұқсатынсыз міндеттер шеңберіне кірмейтін жұмысты жасауға;

2) қоршау, қақпақ, қорғаныш қаптамасы, қорғаушы құрылғыларсыз бұзылған механизмдер мен құралдарда жұмыс жасауға;

3) бұзылған тетіктерде, құралдарда жұмыс жасауға;

4) жұмыс уақытында механизмдер мен құралдарды жөндеу, майлау, тазалау жұмыстарын жүргізуге;

5) тиісті ережелер бойынша арнайы жұмыс киімі, арнайы аяқ киім мен жеке қорғаныс құралдарынсыз жұмыс жасауға;

6) іске қосылған құралдар мен механизмдерді қараусыз қалдыруға;

7) механизмдер мен құралдардың қызмет көрсету аймағын, оларға өту жолдарын ыбырсытуға;

8) сорып алу желдеткіші қосулы кезде немесе бұзылған кезде зиянды заттармен жұмыс жасауға;

24. Барлық анықталған бұзулар туралы тікелей жетекшіге айту керек.

4. Апатты жағдайлардағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары.

25. Апатты жағдайларда қызметкердің міндеттері:

1) қуат көзінен сымдар ажыраған жағдайда, жерге тұйықталғыштың жарамсыздығы мен құралдың басқа да бұзылуларында, ыс иісі шыққанда міндетті түрде қуат көзін ажыратып, тікелей басшыға апатты жағдай туралы айту керек;

2) дәрігер келгенше жәбірленушіге алғашқы медициналық көмек көрсете білу керек ;

3) денсаулықтың нашарлауы жағдайында міндетті түрде жұмыс орнын босату қажет , тікелей басшыға хабарлап, дәрігерге қарану керек;

4) құрал жанған кезде қуат көзін өшіріп, алғашқы өрт сөндіру құралдары көмегімен өртті сөндіру тәсілдерін қабылдау, өрт сөндірушілерді шақыру, оқиға туралы тікелей жетекшіге хабарлау.

5. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейінгі еңбек қауіпсіздігінің талаптары

26. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі міндеттер:

1) механизм мен құралды өшіру;

2) жұмыс орнын, компьютерді, механизмдерді, құралдарды, тетіктерді ретке келтіру ;

3) кезекті алмастырушыға немесе жетекшіге жұмыс орнын, компьютерді, механизмдерді, құралдарды, тетіктерді тапсыру. Барлық ақаулар, ауытқулар туралы кезекті алмастырушыға немесе жетекшіге хабарлау;

4) егер ауысым болмаған жағдайда желдеткішті және жергілікті жарықты өшіру.

6. Техникалық қызметкерлерге қойылатын талаптар

30. Ұйымдардың жабдықтарын қондыруға, оларға техникалық қызмет көрсетуіне және жөндеу жұмыстарын атқаруға дәрігерлік байқаудан өткен, енгізу нұсқамасын өткен, жұмыс орнындағы нұсқама мен оқытылудан өткен, қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне оқытылған, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау туралы білім тексерілуінен өткен, тарифтік-біліктілік анықтамасы бойынша сәйкес біліктілікке ие және электрқауіпсіздік бойынша сәйкес топқа кіретін, жазатайым оқиға кезінде алғашқы көмек көрсете алатын , алғашқы өртсөндіру құралдарын қолдана алатын, жасы 18-ден төмен емес тұлғалар жіберіледі.

31. Ұйым басшысының бұйрығы бойынша жасы 18-ге толмаған тәжірибеден өтіп жүрген жоғарғы және орта оқу орындарының практиканттарына жұмыс істеп тұрған электрқондырғылардың маңайында электротехникалық қызметшілер қатарынан тұратын, 1000 Вольтқа дейінгі электрқондырғылар бойынша ІІІ-ші санаттағы, 1000 Вольттан жоғары кернеудегі қондырғылар бойынша ІҮ санаттағы оқытушы тұлғаның қадағалауында ғана болуларына рұқсат етіледі. Жасы 18-ге толмаған тәжірибе өтуші студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге жіберуге және электрқауіпсіздігі бойынша ІІІ-тен жоғары санат беруге тыйым салынады.

7. Ұйымдардағы электр қондырғыларының классификациясы

32. Ұйымдардың электрқондырғылары электроқуатты қондырғылар (жабдықтар) және телерадиоқондырғылар (жабдықтар) болып бөлінеді.

Күш беретін электрқұрылымдар қатарына электр қуаты өндірілетін, тасымалданатын, тоқтың түрлі кернеу мөлшеріне қарай түрлендіретін және 50 Герцтік

жиіліктегі өндірістік және тұрақты электр қуатының пайдаланылуын жүзеге асыратын генераторлар, трансформаторлар, тоқты тұрақтандырушы түзеткіштер, электр қозғағыштар, тоқты бөліп таратқыш қондырғылар, күш беретін қалқандар, реле қалқандары мен басқару қалқандары, релелік қорғаныс қондырғылары және екінші кезекті автоматикалық қондырғылар, электр қуатын тасымалдаушы әуе және кабельдік желілер, электр жарығын беруші тораптар және тағы да соған ұқсас қондырғылар жатады.

Телерадиоқондырғыларға мыналар жатады: стационарлық, жалғамалық және қозғалмалы телерадио хабарларын таратудың құрал-жабдықтары, көліктік телевизиялық спутниктік станциялар (бұдан әрі - КТСС), ұшқыр телевизиялық спутниктік станциялар (бұдан әрі - ҰТСС), хабар таратқыштар, қабылдағыштар, қоздырғыштар, ақырғы аппаратуралар, қадағалау қондырғылары, өлшемдер, коммутациялар, автоматтық қондырғылар, телеметриялық құралдар және өзге де электр қуатын өндіретін тұтыныс және радио немесе дыбыстық жиілік пен өнеркәсіптің жиілік энергиясынан алынатын электрондық қондырғылар мен радиотехникалық қайта қондырғылар.

33. Электр қауіпсіздігі талаптары бойынша барлық электр қондырғылар 1000 Вольтқа дейін кернеудегі электр қондырғыларға және 1000 Вольттан жоғары электр қондырғыларға бөлінеді (кернеудің әрекеттегі мәні бойынша).

34. Телерадио қондырғылар блоктауы бар және жоқ болып бөлінеді.

35. Қауіпті кернеудегі ток көзін ажыратпайынша кіруге болмайтын қоршаулар мен жабдық шкафтарының есіктерін ашуға мүмкіндік бермейтін бекіту құрылғылармен қызмет атқарушы тұлғалар жұмыс істейтін орындар, ток көздерін жедел ажырататын ток өтер құрылғылардың бөлшектері және тағы басқа да қондырғылар (хабарлағыштар, модуляторлар) жабдықталады.

Блокталмаған телерадио қондырғыларға мыналар жатады: стационарлық, жалғанбалы, қозғалмалы, телерадио хабарларын тарату жабдықтары, КТСС, ҰТСС, радиоқабылдағыш қондырғылар, қашықтықтан басқарылатын коммутаторлар, күшейткіштер, дыбыстық күшейткіштер, дыбыстық манипуляторлар, магнитофондар, өлшемдік приборлар, эквиваленттер, жоғары жиілікті қайта қосқыштар, фидерлер мен өзге де қажетті жабдықтар.

8. Өндірістік бөлмелерге қойылатын талаптар

1-параграф. Жабдықтарды орналастыру

36. Қолданыстағы, сондай-ақ жаңадан салынған және қалпына келтірілген телерадио хабарларын тарату объектілер бөлмелері, қызмет көрсетілмейтін микроретрансляторлардан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 15 қарашадағы № 1341 қаулысымен бекітілген "Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына

сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 1353 қаулысымен бекітілген тұтынушылар электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы Қағидаларына сәйкес болуы тиіс.

37. Өндірістік бөлмелер өзара және ауысым бойынша аға қызметші отырған кеңсемен телефон арқылы байланыспен қамтамасыз етіледі.

38. Бөлмелердің табиғи және жасанды жарықтандырылуы 2.04-05-2002* "Табиғи және жасанды жарықтандырылу" Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

39. Өндірістік бөлмелердегі жұмыс аумағындағы температура, қатысты ылғалдылық және ауа қозғалысының жылдамдығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 168 қаулысымен бекітіліген "Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға, топыраққа және олардың қауіпсіздігіне, қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын күтіп-ұстауға, адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына", сондай-ақ "Өндірістік жайлардың ауасына қойылатын жалпы санитарлық гигиеналық талаптарға" ГОСТ 12.1.005-88 сәйкес болу керек.

40. Өндіріс бөлмелердегі шуыл деңгейі Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 15 қарашадағы № 1341 қаулысымен бекітілген "Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес болуы тиіс.

41. Артық инсоляциямен, яғни тікелей күн сәулелерімен бөлменің сәулеленуіне қарсы күннен қорғағыш құрылғылар қолданылады: перделер, терезеперделер, қорғағыш күнқағарлар.

42. ҚР ҚНЖЕ талаптарына сәйкес бөлмелер жылыту, ауа алмастыру және ауа баптау жүйелерімен жабдықталады.

43. Өндірістік бөлмелер қорғау құралдары мен сақтағыш құрылғыларды сақтау орындарымен жабдықталады.

44. Өндірістік бөлмелерде алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек дәрі қорабы орнатылады.

45. Электр тогымен зақымға ұшырау қауіптілік дәрежесі бойынша өндірістік бөлмелер үш санатқа бөлінеді:

1) жоғары қауіпті, бойында жоғары қауіптілік тудыратын келесі шарттардың біреуінің болуы:

дымқылдық (салыстырмалы ылғалдылығы ұзақмерзімді 75% жоғары) немесе токөткізгіш шаң;

токөткізгіш едендер (металл, жер, темірбетон, кірпіш);

жоғары температура (температура әрдайым немесе жиілікті (бір күннен астам) $+35^0$ С жоғары болса);

бір жағынан жермен жалғасы бар ғимараттың металлқұрылымдарына, технологиялық аппараттарына, механизмдеріне және екінші жағынан электр жабықтарының металл тұрқысына бір уақытта қол тигізу немесе жанасу мүмкіндігі;

2) аса қауіпті, бойында аса қауіптілік тудыратын келесі шарттардың біреуінің болуы :

аса дымқылдық (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ұзақмерзімді 100% жақын-еден, төбе, қабырғалар және бөлмедегі нәрселерді ылғал басқан);

химиялық белсенді орта (құрамында, жабықтардың токөтер бөліктеріне және оқшаулауға бұзушылық әсер ететін булардың немесе шөгінділердің әрдайым немесе ұзақмерзімді уақыт бойы болуы);

бір мезгілде екі немесе одан артық жоғары қауіптілік шарттарының болуы;

3) аса қауіптілігі жоқ, мұнда жоғары немесе аса қауіптілік тудыратын шарттар жоқ.

46. Өндірістік бөлмелердің қауіптілік дәрежесін ұйым жетекшілігімен уәкілеттелген тұлғалар анықтайды. Бөлмелерде көрінетін жерде сол бөлменің электр тогымен зақымдану қауіптілік дәрежесі, электршаруашылығына және еңбек қорғау жағдайына жауаптының тегі жазылған тақтайша орнатылады.

47. Оқшауланған бөлмелер арқылы жоғары кернеулі шиналардың (сымдардың) транзиттік өткелдері, шиналар (сымдар) қорғағыш жерге тұйықталғышпен байланысқан металл қоршаулары (қораптар, құбырлар) болуы керек. Бұл ретте қоршауға транзиттің тәнділігін меңзегіш және "Абайла! Электр кернеуі" ескертуші белгі орнатылады.

48. Қауіптілігі жоғары және аса қауіпті өндірістік бөлмелерде атаулы кернеуі 42 Вольттан артық емес, электр құралдары мен қол электр шамдарын қосуға арналған дербес электр желісі төселеді.

49. Өндірістік бөлмелердегі жабдықтардың металл тұрқыларына және жылыту, сумен жабдықтау мен канализация құбырларына бір мезгілде жанасу мүмкіндігінде, оларды ток өткізбейтін торлармен қоршап қою керек.

50. Дәнекерлеу жұмыстары жүргізілетін бөлмелердің жұмыс орындары ауа тартқыш вентиляциямен жабдыкталады.

51. Ғимаратқа жақын орналасқан фидерлік линия мен антенналардың сәулелену есебінен өндірістік бөлмелердегі электромагниттік алаң деңгейін төмендету үшін, сәулелендіргіш жүйелері жағынан ғимарат бөлімдері қалқаланған болуы мүмкін: қабырғалар – жермен тұйықталған металл парақтармен немесе қабырға қалыңдығында орналасқан тор арқылы, терезе ойықтары – жермен тұйықталған металл тор немесе арнайы металлданған әйнек арқылы.

52. Жабдықтардың қондырылуы мен орнатылуы осы Талаптардың 1, 2, 3-қосымшаларында көрсетілген көтермелі механизмдер мен аспаптарды сынау, хабарлағыш радиостанциялар мен аспаптарда пайдалану өткелдерінің өлшемдерінің, спутник байланысының қабылдағыш радиостанцияларында және қабылдау-табыстау станцияларында пайдалану өткелдерінің өлшемдерінің нормалары мен мерзімдерін ұстануымен орындалады.

9. Өндірістік жабдықтарға қойылатын талаптар.

1 параграф. Телерадиоқұрылғыларға қойылатын қауіпсіздік талаптары

53. Радиоқұрылғылардың байқаусыз жанасуына қолжетімді токөтер бөлімдері, жабық немесе қоршаулы болу керек, олардағы кернеулер келесі мәндерден жоғары болғанда:

жоғары қауіптілік бөлмелерінде - 42 Вольт ауыспалы токтан және 110 тұрақты токтан;

аса қауіпті бөлмелерде - 12 Вольт ауыспалы токтан және тұрақты токтан.

54. Шығарылатын блоктары мен ашылатын есіктері бар радиокұрылғылардың токөтер бөлімдеріне байқаусыз жанасу мүмкін болған жағдайларда радиоқұрылғы жанына құрылғының ұзындығына сәйкес ені 0,7 метрден кем емес диэлектрик кілемдер төселеді. Токөткізгіш едендері бар бөлмелерде диэлектрик кілемдер радиожабдықтардың барлық түрлерінің жанында төселеді.

55. Радиоқұрылғылардың электромагниттік сәулешығару деңгейі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 қарашадағы № 1341 Қаулысымен бекітілген "Радиотехникалық объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға сәйкес.

56. Жоғары жиілікті құрылғылар қызмет көрсету аймағындағы жұмыс орындарында кемінде жылына бір рет сәуле шығару қарқындылығын өлшем жасалады. Өлшемдер сәуле шығарудың ең жоғары қуаттылығы мен барлық жоғары жиілік көздері бір мезгілде жұмыс жасап тұрған кезде жасалады.

Сәуле шығару қарқындылығын өлшеу жаңа генераторлық құрылғыларды іске қосқанда, әрекеттегілерді ұйымдастырғанда, сәуле шығару қарқындылығына әсер етуі мүмкін жөндеу жұмыстарынан кейін жасалады.

Радиоэлектрондық құралдарды (бұдан әрі - РЭҚ) Электромагнитті өрістер (бұдан әрі - ЭМӨ) деңгейін аспаптық бақылау жүргізіледі:

- 1) радио техникалық жабдықты пайдалануға енгізу кезінде;
- 2) ЭМӨ деңгейіне әсер ететін РЭҚ жұмысының шарттары мен тәртібі өзгерген кезде (антенналар бағдарының өзгеру, тетіктердің қуатын ұлғайту);
- 3) РЭҚ жататын аумақта жағдай жоспарының өзгеру кезінде;
- 4) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды өткізу кезінде;

5) ЭМӨ деңгейін төмендету бойынша шараларды өткізгеннен кейін.

57. Сәуле шығару қарқындылығын өлшеу аталған өлшемдерді жасауға сертификаты бар ұйыммен орындалады.

2 параграф. Электрқұрылғыларды жермен тұйықтау

58. Электрқұрылғыларды жермен тұйықтау үшін жермен тұйықталудың үш түрі қолданылуы мүмкін:

1) қорғаныстық – қызмет көрсету құрамының қауіпсіздігін қамту мақсатында жабдықтарды жермен тұйықтау;

2) жұмыстық – электрқұрылғылардың әрекетіне байланысты және жұмыс токтарының жерге өту мүмкіндігі бар радиоқұрылғылардың аппататурасын қосу мүмкін болуы үшін, электр тізбегін құру мақсатында жермен тұйықтау;

3) найзағайдан қорғаныс - қызмет көрсету құрамының қауіпсіздігін қамту мақсатында, ғимараттарды сақталушылықпен қамту, антенды-мачталы үймереттердің механикалық бұзылуы мен найзағайлардың тікелей соққыларының салдарынан болатын өрттер мен екінші ретті әсерлерінен және жоғары потенциалдар күртігінен қауіпсіздендіру мақсатында.

59. Электркүштік құрылғыларды жермен тұйықтандырылуында және радиоқұрылғылардың қорғаныстық жермен тұйықтандырылуында бір жалпы жермен тұйықтағыш қолданылады.

60. Жермен тұйықтағыштың барлық түрлерінің арасында жерде және техникалық ғимаратта электр байланысы ескеріледі, ерекшелік тек қана жермен тұйықтағыштарын біріктіруге жол берілмейтін жабдықтардың жермен тұйықтағыштарында.

61. Қорғаныстық жермен тұйықтағыш құрылғының жермен тұйықтағышы ретінде тек қана жұмыстық (жоғары жиілікті) жермен тұйықтағыш құрылғының жермен тұйықтағышын немесе антенді-фидерлік жүйенің жермен тұйықтағыш құрылғысын қолдануға жол берілмейді.

62. Электрқұрылғылардың жермен тұйықталуы немесе нөлденуі орындалады:

1) ауыспалы токтың атаулы кернеуі 380 Вольттан жоғары сонымен қатар ұрақты ток кернеуі 440 Вольттан жоғары – барлық жағдайларда;

2) ауыспалы токтың атаулы кернеуі 42 Вольттан 380 Вольтқа дейін және тұрақты токтың 110 Вольттан 440 Вольтқа дейін жоғары қауіпті және аса қауіпті бөлмелерде және сыртқы электрқұрылғыларында;

3) жарылыс қаупі бар бөлмелердің ауыспалы және тұрақты токтарының барлық кернеулерінде.

63. Қорғаныстық жермен тұйықталуға тиісті бөліктерге жатады:

1) электркүштік құрылғылардың тұрқылары;

2) радиоқұрылғылардың тұрқылары;

3) электр аппаратының жетектері;

4) өлшегіш трансформаторлар екінші ретті орамдары;

5) үлестіргіш құрылғылардың металл құрылымдары, кабельдік муфталардың металл тұрқылары, металл қабықшалар, кабельдердің сауыты мен қалқандары, сымдардың металл қабықшалары мен қалқандары, сымдарға арналған болат құбырлар мен басқа да металл құрылымдар;

6) орын ауыстырылатын және тасымалданатын электрқабылдағыштар мен құрылғылардың металл тұрқылары;

7) тұрқы және кернеуі 42 Вольт және төмендеткіш желіге жабық жермен тұйықтағыш бейтарабы арқылы қосылған, бөлгіш емес трансформаторлардың кернеуінен төмен екінші ретті орамдар.

64. Жермен тұйықталуды қажет етпейтіндер:

1) жермен тұйықталған металл құрылымдардың үстіне орнатылған құрылғылар, егер тірек бөлімдерінде электр байланысын қамтамасыз ететін тазартылған сырланбаған жерлер ескерілсе;

2) жермен тұйықталуы бар металл сауыттардың, шкафтардың үстінде және үлестіруші құрылғылар камерасының қабырғасында орнатылған электрөлшеуіш құралдардың тұрқылары;

3) екі мәрте оқшауланған электроқабылдағыштар;

4) жермен тұйықталған үлестіруші құрылғылар, қоршаулар, шкафтар тұрқыларының ашылатын немесе алынатын металл бөлшектері, егер алынатын (ашылатын) бөлшектерде электр жабдықтары орнатылмаған болса немесе орнатылған электр жабдықтарының ауыспалы ток кернеуі 42 Вольттан, тұрақты ток кернеуі 110 Вольттан аспайтын болса.

Жарылыс қаупі бар бөлмелерде орнатылған бөлек электрқозғалтқыштарды, станоктарда орнатылған аппараттарды жермен тұйықтаудың орнына, станоктың қозғалмайтын табаны мен жабдық арасында сенімді байланысты қамтамасыз еткен жағдайда станоктың табанын ғана жермен тұйықтайды.

65. Радиоқондырғылар үшін қорғаушы жермен тұйықтағыш құрылғысының кедергісі 4 Ом артық емес (топырақтың меншікті кедергісі ρ 100 Ом.м дейін болғанда). Топырақтың меншікті кедергісі ρ 100 Ом.м артық болғанда, жермен тұйықтағыш құрылғысының кедергісін $\rho/100$ есе арттыруға рұқсат етіледі, бірақ 10 еседен артық емес.

66. Жермен тұйықтағыш құрылғысының техникалық жағдайын анықтау үшін мерзімді жасалып отырады:

жермен тұйықтағыш құрылғысының кедергісін өлшеу;

кемінде он екі жылда бір рет топырақта болатын жермен тұйықтағыш элементтерді топырақтан ашумен таңдаулы тексеріс қарау;

жермен тұйықталатын элементтер мен жермен тұйықтағыш арасындағы тізбектердің жағдайын және де жермен тұйықтағыш құрылғының кәдімгі жермен тұйықтағышпен жалғануын тексеру;

жермен тұйықтағышы жанасу кернеуі нормаларымен жасалған электрқондырғылардағы жанасу кернеуін өлшеу.

67. Жермен тұйықтағыш құрылғылардың кедергісін өлшеу кемінде жылына бір рет және де сол құрылғылардың монтажынан, қайта құрылуынан және күрделі жөндеуінен кейін жасалып отырады. Өлшемдер топырақтың ең жоғары құрғау мезгілінде өткізіледі.

68. Жанасу кернеуін өлшеу монтажынан, қайта құрылудан және күрделі жөндеуден кейін жасалады, бірақ кемінде алты жылда бір рет.

Ұйымдарда жыл сайын: электрқондырғының жермен тұйықтағышынан жерге ағылатын бірфазалы қысқа мерзімді тұйықталу тогын нақтылау, жанасу кернеуінің мәндерін түзету және ЭОЕ талаптарымен салыстыру. Нормалық деректерден асқан жағдайда кернеуді төмендетуге бағытталған іс-шаралар қолданылады.

69. Жермен тұйықталуды немесе қорғаушы ажыратқыш құрылғыларды ЭОЕ талаптарына сәйкес жасауға мүмкіншілік болмаған жағдайларда немесе технологиялық себептермен қиыншылық тудырса, электрқуштік жабдықтарға оқшаулағыш алаңшалардан қызмет көрсетуге рұқсат етіледі. Бұл ретте электржабдықтар мен басқа жабдықтардың және ғимараттың бөліктеріне бір мезгілде жанасуға жол берілмейді.

70. Жермен тұйықталуға немесе нөлденуге жататын электрқұрылғының әр бөлігі, бөлек өткізгіш арқылы жермен тұйықталу немесе нөлдену желісіне жалғанады. Электрқұрылғының жермен тұйықталатын немесе нөлденетін бөліктерінің жермен тұйықтағышқа немесе нөлдік қорғаушы өткізгішіне ретті қосылуына жол берілмейді.

71. Жермен тұйықтағыш және нольдік қорғаушы өткізгіштердің жермен тұйықтағыштарға, жермен тұйықтағыш контурына және жермен тұйықтағыш құралымдарға пісіру арқылы бекітіледі, ал аппараттар мен машиналар тұрқыларына, әуе желілерінің электржіберуші тіректеріне – пісіру арқылы немесе сенімді бұрандалы байланыс арқылы бекітіледі.

Электрқондырғыларда жерді фазалы немесе нөлдік сым ретінде қолдануға рұқсат етілмейді.

72. Егер радиоұйымдардың электрқуштік қондырғылары желіден жабық жермен тұйықталған бейтарап желіден қуаттандырылса, матасу кезінде жермен тұйықталған бөліктері желінің бұзылған аумақтарынан автоматты түрде ажыратылумен қамтылады.

Жабық тұйықталған бейтарабы бар кернеуі 1000 В дейінгі электрқуштік қондырғыларда жабдықтар тұрқыларының металл байланысын қоректендіргіш трансформатордың немесе генератордың жермен тұйықталған бейтарабымен нөлдеу жасау міндетті.

73. Тасымалданатын электрқабылдағыштардың жермен тұйықталуы немесе нөлденуі тасымалданатын сымдардың фазалық тарамдарымен бір қабықшада орналасқан, электрқабылдағыш тұрқымен және штепсельдік ажыратылымның арнайы аша байланысына жалғанған арнайы тарамымен (үшфазалы токты электрқабылдағыштары үшін - үшіншісі) жүзеге асады. Бұл тарам қимасы фазалық өткізгіштер қимасына тең болуы тиіс. Бұл мақсатта нөлдік жұмыстық өткізгішті, соның ішінде ортақ қабықшада орналасқанды да қолдануға жол берілмейді.

Сымдар мен кабельдер тарамдары мыс, иілгіш, қимасы 1,5 шаршы миллиметрден кем емес болуы керек.

74. Жұмыс жасау кезінде тасымалдауға ескерілмеген, сынақтық және тәжірибелік қондарғылардың тасымалданатын электрқабылдағыштарын, стационарлық немесе бөлек тұрған жермен тұйықтағыш өткізгіштерді қолдану арқылы жермен тұйықтау рұқсат етілген.

Стационарлы жермен тұйықтағыш өткізгіштер ЭОЕ талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Электроқабылдағыштардың штепсельдік ажыратылымдарында және де ұзартқыш сымдар мен кабельдерде розеткаға қоректендіру көзі жағынан өткізгіштер алып келінуі тиіс, ал вилкаға - электроқабылдағыштар жағынан. Штепсельдік ажыратылымдарда жермен тұйықтағыш және қорғаушы өткізгіштер жалғанатын арнайы түйісулері бар. Қосқан кезде бұл түйісімдер арасындағы жалғану, фазалық сымдардың жанасуынан бұрын орнатылады. Өшірген кездегі түйісімдердің ажырау реті кері бағытта қайталануы тиіс.

Штепсельдік ажыратылымдар құрылымы фазалық өткізгіштер түйісімінің жермен тұйықталу (нөлдену) түйісімдерімен байланысу мүмкіндігін жоққа шығаруы тиіс. Егер штепсельдік ажыратылым тұрқысы металдан жасалған болса, ол жермен тұйықталу (нөлдену) түйісімімен элетрлі жалғануы тиіс.

75. Жермен тұйықтағыш өткізгіштерді тоттанудан қорғау керек.

76. Ашық салынған болат жермен тұйықтағыш өткізгіштер қара түске боялады.

187. Тірек ортасынан аймақ биіктігінің 1/3 бөлігіне тең қашықтықта жатқан аймақ пайдалану кезінде діңгектер мен мұнаралардың маңайындағы қауіпті аймақ болып табылады. Антенна-діңгектік құрылымдарынан мұз бен қар құлауы мүмкін қауіпті аймақтағы қызметкерлерді қорғау келесідей жүргізіледі:

- а) қауіпті аймақтарға "қауіпті аймақ" деген белгі қою;
- б) қызметкерлердің жиі жүретін аймақтарда қорғау торын қою;
- в) көктайғақ қауіпі туралы нұсқаулар жасап, нұсқамалар жүргізу.

Қауіпті аймақтарда тек сонда жұмыс жасайтын адамдарға ғана, қорғау қалпақтарын киіп отыруға рұқсат етіледі.

Радио станцияларын, теле орталықтарын, телевизионды ретрансляторларды жеткізетін антенна аймақтарында онда қызмет етпейтін бөгде адамдарға жүруге рұқсат жоқ.

188. Адамдарға антенна – дінгек құрылымдарына кіруге рұқсат жоқ, егер:

- 1) 42 В жоғары кернеу алынбаса;
- 2) найзағай кезінде, немесе найзағайдың болуы жорамалданып жатса;
- 3) көктайғақта, қатты жаңбырда, қалың қар мен тұманда;
- 4) сақтандыру белдігінің карабині люлькаға бекітілмеген болса;
- 5) қараңғыда;
- 6) сынақ мерзімі шыққан көтеру құрылғысында;
- 7) зақымдалған арқандарда;
- 8) жұкарба жарамсыз болса;
- 9) қорғаныс қалпақ және белдік болмаған жағдайда.

Қоршауға алынған қайырмалы люгі бар түтік тіректерінің аралықтарында бір уақытта антенна-дінгекпен жұмыс жасаушы бір маманнан артық жүруге тыйым салынады. Сонымен қатар, люктар жабулы тұру керек.

189. Апатты жою мақсатында тіректерде қараңғы уақыттарда жұмысты тек ұйым жетекшісінің рұқсатымен ғана істеуге болады. Сонымен қатар, сәйкесінше жарық түсіп тұруы керек.

190. Антенна-дінгекпен жұмыс жасаушы маман міндеттері:

1) жарамды сақтандырушы белдікте болып, жұмыс уақытында тірек конструкциясына тізбекпен бекінген болуы керек. Дінгекке монтерлік тырнақпен көтерілген кезде, тартқыштар бекінген бугель арқылы қауіпсіз өту мүмкіндігі болуы тиіс. Осы кезде екі тізбекті белдікті қолданған жөн.

2) жөндеу жұмыстарын тіректе орындап, конструкциясына сақтандырушы белдікпен бекінуге.

3) шеберханалар мен жер бетінде – қауіпсіз аймақтардан басқа жерлерде, қорғаныс қалпақ пен арнайы металл шегесі жоқ аяқ киімде жұмыс жасау керек.

191. Антенна – фидер құрылымдарында жұмыс жасаған кезде брезент қолқап кию керек.

192. Антенна-дінгек құрылымдарындағы жұмыстарын кем дегенде екі дінгек жұмысшысы атқару керек. Олардың бірі бақылаушы болуы керек.

Бақылаушы қауіп аймағынан тыс болады да, ағаш тіректерінде болуы мүмкін жұмыстарда монтер белдігі мен тырнаққа ие болады.

193. Дәнекерлегіш жұмыстар көтергіш құрылғының инвентарлық люлькасынан жасалады. Люлька жүк арқанына ажыратқыш арқылы ілінеді де, оның құлауын болдырмайтын шаралар жасалады.

194. Найзағай кезінде және найзағай жақындағанда, жерге тұйықталған орындарға жақындауға болмайды. Антенна алаңында жұмысты тоқтатып, адамдарды бөлмеге кіргізу қажет. Жерге тұйықталу орындарында "Абай болыңыз! Кернеу" деген белгі ілу керек.

195. Бір уақытта бірнеше таратқыш жұмыс жасайтын радио орталықтарында, тіректерде, антенналарда және фидерлерде тек жұмыс орнына кернеуді минималды түрде жүргізетін тасымалды жерге тұйықтау орнатылғаннан кейін ғана жұмыс жасауға болады.

196. Қабылдау орталықтарының антенна-фидерлік құрылғыларының жұмыстары нарядсыз, тек операция журналында тіркелу арқылы ғана жасалады.

197. Ауысым басшысы антенна құрылғыларында жұмыс жасаудан бұрын осы Талаптардың 9-қосымшасында көрсетілген нарядтағы техникалық шараларды өткізіп қана жұмыс орнына кіруге рұқсат етеді.

198. Антенна коммутаторын сөндірген адам "Қосуға болмайды. Адамдар жұмыс жасап жатыр" деген тыйым салушы плакат іледі.

199. Хабарлағышта тек бір антенна ғана болса, ол антеннадағы немесе фидердегі жұмыстар нарядсыз сөндірілген хабарлағышта жүргізіледі. Тек операция журналында тіркелу қажет.

Бұл жағдайда ауысым басшысы ажыратқышты немесе механикалық блоктаудың ажыратқышын сөндіріп, онда тыйым салушы "Адамдар жұмыс істеп жатыр. Қосуғы тыйым салынады" деген плакат іледі.

Жезл блоктауы бар хабарлағышта ажыратқыш кілті жауапты жұмыс жетекшісіне операция журналында тіркеу арқылы беріледі.

200. Фидер тіректері мен бірнеше фидерлі порталдардағы, олардың бірі кернеу астанда болған жағдайда, жұмыстарды наряд бойынша екі жұмысшы атқарады. Олардың бірі электр қауіпсіздігі бойынша кем дегенде IV дәреже иегері, ал екіншісі – III дәрежелі болуы шарт.

Хабарлағыш антеннасының фидер учаскесінің фазаға қарсы сымдары өзара қысқартылып, екі жақтарынан жерге тұйықталады.

Төменгі фидер кернеу астында болған жағдайда, жоғарғы фидерде жөндеу немесе басқа да жұмыстарды жасауға тыйым салынады.

201. Кез келген коммутаторда да, коммутаторлық желіде де антеннаны ауыстырып қосудың алдында хабарлағыштың анод кернеуі сөндіріледі. Антенна аймағындағы, антенна павильондарының ішіндегі немесе техникалық бөлме ішіндегі қызметкерлер фидер сызықтарын нұсқауға сәйкес сөндіріп қосады. Бұл нұсқауда радиоорталығында орнатылған коммутация жүйесі мен сондағы жабдықтардың ерекшеліктері ескерілген.

Фидер бағанындағы немесе бөлек бөлмедегі антенналарды ауыстырып қосудан бұрын, кезекші қызметкер хабарлағыштың анод кернеуін сөндіреді, фидерді жерге тұйықтап, блоктау ажыратқышына "Адамдар жұмыс істеп жатыр. Қосуға болмайды" деген плакат іледі.

Басқа антеннаға штурвалды жетекпен қамтамасыз етілген ток-аударғышсыз көшірілсе, фидер жерге тұйықталады.

Наряд жабылғанда, хабарлағышқа кернеу өткізіледі. Кезекші қызметкер жерге тұйықталуды ажыратып, тыйым салушы плакаттарды алып тастайды.

202. Радиоорталықтардың және олардың өлшемдерінің антенна-фидерлік құрылғыларын жетектерді кернеу астындағы антенна немесе фидер бөліктеріне қосуға байланысты жөнге келтіру жұмыстарында екі қызметкер жұмыс жасауы керек. Олардың бірі электр қауіпсіздігі бойынша кем дегенде IV санатты маман, ал екіншісі – III санат иегері болуға тиісті.

Жұмыстар нарядтар бойынша атқарылады.

Жөнге салу және өлшеу жұмыстары алдында электр қауіпсіздігі бойынша IV санаттағы жұмысшы антенна немесе фидердегі тұрақты кернеудің жоқтығын және статикалық зарядтарды ағызуға арналған жоғары жиілік дроссельдердің жарамдылығын тексереді.

Хабарлаушы радиоорталықтардағы антенна-фидер құрылғыларын жөнге келтіруші (АФУ) өлшеуіш құралдар мен индикаторлар ажыратқыш сапты болу керек.

203. Телевиденияға қатысты антенна-фидерлік құрылғылардың, радиорелелік желілер және УКВ, ЧМ, FM таратқыштары, бір тіректе бірге орналасса, тіректе жұмыс жасау жұмыс орнындағы электр магниттік аймақ кернеуі орнатылған нормалардан аспаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Ал басқа жағдайда, жұмыс сәйкесінше хабарлағыш құрылғылар сөніп тұрса ғана жасалады.

204. Жер бетінде шіріген қабатының қалыңдығы диаметрінің 10% құрайтын ағаш діңгектер, зәкірлер мен фидерлік бағандарды ауыстыру қажет.

205. Шіріген зәкірді ауыстырғанда, оның тартқышын жаңа, алдын ала жақын маңайда орнатылған зәкірге орнатады.

206. Тұрақты тартқышты уақытша тартқыш орнатылса ғана шешуге болады. Тартқышты жөндеп жатқан кезде тіректе тұруға тыйым салынады.

207. Жерден оқшауланған антенна-діңгектердің негізі жабылатын есігі бар қоршауға алынуға тиісті. Қоршауға "Токта. Кернеу" деген жазу ілінеді. Қоршау есігінің кілті ауысым басшысының қолында болады және операция журналында жазылу арқылы беріледі.

208. Тіректерде жұмыс жасап жатқан кезде, антенна-діңгекті жөндеуші адам, қажеттілік туса, өзімен қабылдау-хабарлағыш радиостанциясын, мегафон және телефон алып жүреді.

209. Тірекке монтерлік тырнақпен көтерілуге тірек биіктігі 16 м аспаса ғана рұқсат етіледі. Биіктігі 16 м асатын тіректерге люлькамен (қол немесе электр (тірек биіктігі 60 м асса) жүкарба көмегімен көтерілетін), жеделсатымен немесе арнайы жабдықталған сатымен көтерілуге болады.

210. Фидер сымдарының жер бетіне дейінгі, сонымен қатар, әртүрлі құрылғылардың қашықтығы осы Талаптардың 10-қосымшасындағы шарттарға сай болуы тиіс.

211. Антенна-дінгекпен жұмыс жасаушы люлькада жұмысы барысында оның құрал-саймандары люлька құрылымына бекінген болуы тиіс.

Ұсақ құралдар мен бөлшектер люлькаға бекінген монтер дорбасында жатуы тиіс.

Тірек құрылымында құрал-саймандар мен басқа да заттардың болуы мүмкін емес.

212. Антенна аймақтары мен хабарлаушы радиоорталықтары бөлмелерінде жұмыс жасау барысында адамдар денсаулығына зақым келетін, электр тогы, электр магнит аумағының резонансқа түскен тербелмелі металл контурларға, қанаттарға және сымдарға тигізген ықпалынан пайда болатын жанғыш қоспалардың өртенуі салдарын болдырмау шараларын жасау қажет.

Қауіп аймақтарында жұмыстар жүргізу электр магнит аумағының көзі болатын техникалық құралдардың жұмыс жасау кестесімен келістірілген болуы керек.

Қауіп аймақтарында жарылғыш, өртенгіш және бұрғылап атылатын заттардың орналасуына тыйым салынады.

Қызметкерлер мен жабдықтарды кернеуден қорғау әдісі ретінде келесі заттарды қолдану қажет:

түсетін арқандарды ажырату (ажыратқыштармен секциялау), әсіресе монтаж шүмектерге жүк асып қоятын арқанды;

металл конструкцияларын және конструкцияның оқшауланбаған (ашық) бөліктерін жерге тұйықтау;

электр тізбектерін конденсатормен шунттау;

токөтер тізбектер мен контурларға жоғары жиілік контурлар мен элементтерге қосу;

жабдық пен конструкцияны экрандау.

3-параграф. Көтеру құрылғылары

213. Көтеру құрылғыларында қол немесе электр жетекті жүкарбалар пайдаланылады. Жүкарба көлденең бетте орналасып, жүккөтергіштігі максималды екі есе жұмыс жүктемесіне шыдау керек. Жүкарбалар мен ағызып әкететін блоктар тұрақты (пайдаланылатын) монтаж зәкірлерге бекиді. Арқан күші бар ескі зәкірлерді қолдануға тыйым салынады. Бірнеше жақын орналасқан тіректерде жұмыс атқару үшін жылжышпен немесе доңғалақтармен жүретін зәкір қадаға бекінген жылжымалы жүкарба қолданылады.

214. Электр жүкарбасы электр қозғаушы күшінің білігі барабан білігімен тісті және бұрамдықта беріліс арқылы байланысады. Жүкарбаның қайыс және үйкелме таратқыштарымен, үйкелме және жұдырықшалы муфтамен байланысы мүмкін емес.

215. Жүкарба бөлшектерінің мөлшері механизмді пайдалану және монтаж бойынша паспорт және нұсқамада көрсетілген.

216. Электр жүкарбаны басқару пульті 3 м-ден аспайтын қашықтықта орналасуы тиіс. Пультты электр көзіне пулттың сыртқы жағына бекітілген тіркеуіш арқылы қосады. Бұл пульттің түймелері "жабысқан" кезде, электр қозғаушы күшін жедел токтан ажыратуға мүмкіндік туғызады.

217. Электр жүкарбасының бүкіл ток өткізбейтін бөліктері жерге тұйықталады.

218. Антенна-діңгек жөндеуші қызметкерді көтеріп-түсіретуге арналған люльканы жүкарба тиіп кетіп отырса, люльканың қозғалу жылдамдығы 0,33 м/сек асса, ауырлататын арқан немесе бағыттаушы құралдар (иілгіш немесе қатты) қондыру қажет. Люльканы тиіп кетуден сақтайтын шаралар қолданылады. Иілгіш бағыттаушы құралдар көлденең, еңкейтіліп немесе тік орнатылуы мүмкін, ал шеттері конструкцияға берік бекінген болуы тиіс. Діңгек конструкциясының люлька арқаны немесе антенна төсемінің жанасуын болдырмау қажет.

219. Антенна-діңгек жөндеуші қызметкерлерді таситын бір ауыз діңгекке таситын люлька қоршауға алынбай, емен-қарағай ағаштарынан жасалады. Тақтайдың өлшемдері : 600x300 мм, жуандығы – 50 мм. Люльканы бекіту үшін, тақтайдың бұрыштарына шетінен 50 мм қашықтықта тесік жасап, диаметрі - 7,7 мм-ден 8,7 мм-ге дейін болатын канат өткізеді. Арқанның шеткі жақтарын тақтайшаның астында диагональ бойынша 200 мм асырмай өреді, ал тесіктер жасаса, онда әр жағынан кем дегенде 5.5 с. Көтерме арқанға тік түйінмен жалғануға тиісті, ұзындығы 1,2 м болатын екі ілмек тақтайшаның үстінде қалады. Көтерме арқанның соңы үш қысқыш арқанмен бекітіледі.

220. Люлькаға тіркелген күйменің өздігінен шешіліп кетуін болдырмай қажет.

221. Адамдарды көтеруге арналған әр қапсырма, ілгек немесе блоктың зауыт паспорты немесе сынақ протоколы болу қажет.

222. Рұқсат етілмейді:

электр механикалық жетек жүйесімен төлкелерде монтаж блоктарын қолдануға, жүкарба көмегімен антенна-діңгек жөндеуші қызметкерлерді орман ағашынан жасалған люлькада тасуға;

құрал-саймандар мен қосалқы бөлшектерден басқа люлькаға кабельдер, шлангтер және басқа да заттар жалғауға немесе салуға;

көтергіш жүкарбаның қасына оларға тікелей қатысы жоқ бөгде заттарды орнатуға.

223. Хабарлағыш жұмыс жасап жатқан уақытта, хабарлағыш антеннаға көтеру арқандарын қоюға болмайды. Сонымен қатар, көтеру құрылғысының блогы арқылы

жедел арқан запасовкасын жасау мақсатында синтетикалық жіп өткізіледі. Монтаж және басқа да жұмыс түрлері жасалатын антенна құрылымдары осы жұмыстар жасалып жатқан бүкіл уақытта пайдаланбайды.

224. Адамдар мен жүкті антенна-діңгек құрылымдарына көтеретін көтерме құрылғылары мен оларға көмекші бөлшектер пайдаланылар алдында және периодты түрде әр он екі ай сайын бұл қондырғыларды пайдаланушы, құрамында антенна тобының жетекшісі және антенна-діңгек жөндеуші қызметкер бар, ұйым комиссиясының техникалық куәландыруынан өтеді.

Куәландыру және байқау нәтижесі ұйымның техникалық жетекшісімен бекітілген актіде тіркеледі.

Адамдарды көтеруге арналған көтеру қондырғысы 10 минуттық жүк көтеріп пайдаланылғаннан кейін (қондырғының жүккөтергіштігі 1,5 есеге, ал динамикалылығы 10% ұлғайтылады) қолданысқа беріледі. Жұқарбаны техникалық куәландырудың талаптары осы Талаптардың 1-қосымшасында көрсетілген.

225. Көтеру құрылғыларында болу керек:

1) периодты тексеру журналы;

жұқарба паспорты: типі, қолдану мақсаты, шығарушы зауыты, жасап шығару жылы, зауыт нөмірі, жүккөтергіштігі, тежегіш типі, электр қозғаушы күшінің типі, барабан диаметрі, электр жетегінің приниптік сызбасы (электр жетекті жұқарбалар үшін);

2) блоктар паспорттары;

3) тартқыш орналасуын көрсететін қондыру сызбасы, көтеру және бағыттау арқандары, сонымен қатар, блок бекіту сызбалары.

226. Антенна-діңгекті жөндеуші қызметкер тірекке көтеріліп жатқан кезде, қол жетекті жұқарбаға екі оқытылған жұмысшы қызмет етеді. Электр жетекті жұқарбаға бір адам қызмет етеді. Антенна-діңгекті жөндеуші дінгекте тұрған кезде, жұқарбаға қызмет етіп тұрған адамдарға одан алыстауға тыйым салынады.

227. Электр жұқарбаға көлденең қанатты үстінен, ал қол жұқарбасына астынан әкелу керек.

228. Жұқарбаның электр жетегін "Көтеру" немесе "Түсіру" түймелерінің бірін үнемі басып тұрып басқару қажет. Түймені босатқан кезде электр жетегі сөнуі тиіс.

229. Рұқсат етілмейді:

люлькадан тиесілі бұйрық шықпағанша, адамдарды түсіруге немесе көтеруге (бұйрықты тек бір жауапты адам ғана береді);

люлькада адам болған жағдайда, пультті сөндіруге немесе жөндеуге;

қанатты қолмен бағыттауға;

барабанға бара жатқан қанаттың үстінде тұруға;

жұқарба жұмыс жасап тұрған уақытта, оны тазалау, май жағу, жөндеуге;

екеуден көп адамды бір уақытта люлькамен көтеруге;

қол жұқарбасы тіреуіші бар доңғалағының ысырмасын алып тастауға.

230. Жұкарба люлькасын қауіп аймағына орнату қажет.

231. Әр сайын тірекке көтергенде:

көтергіш жұкарбаны; тіреуіш механизмін, тірегiшті, ысырманы, жұкарбаның рамаға, раманың зәкірге бекуін тексеру қажет.

көтеру арқанын запастау кезінде тексереді.

Тексерген кезде арқанның күйіне аса мән берген дұрыс. Ол коррозиямен зақымдалуы мүмкін, немесе оның сымдары жыртылып, ұшқынды разрядтар пайда болуы мүмкін.

232. Қол жұкарбасын қолданғанда, жүкті көтерудің және түсірудің жылдамдығын тұтқаның айналу жылдамдығына байланысты реттейді.

16. Суыту қондырғыларымен жұмыс жасаудағы

қауіпсіздік талаптары

1-параграф. Компрессорлық, сорғыш, желдеткіш қондырғылар, ішкі және сыртқы құбыржүргізуші желі мен ауа құбырлары

233. Салқындату қондырғыларымен жұмыс жасауға арнайы оқытылып, білімі тексеруден өткен мамандарға ғана рұқсат етіледі.

234. Радио қондырғыларын салқындататын құралдар болып: компрессорлар, сорғыштар, желдеткіштер, ішкі және сыртқы құбыржүргізуші желі мен ауа құбырлары, градирнялар, бу конденсаторлары, суыту бассейндері табылады.

235. Компрессор, сорғыш, желдеткіш және басқа да қосалқы бөлшектерді бүкіл вентильдерге, клапандарға, жылжытқыштарға өту жолы 0.7 м-ден кем болмайтындай орын қалдырып орнату керек.

236. Қозғаушы күштен компрессорларға, сорғыштарға және желдеткіштерге деген жіберу, сонымен қатар агрегаттардың бүкіл қозғалмалы бөлшектері метал қабыршақпен қапталуы қажет. Агрегаттар жұмыс істеп жатқан уақытта оларды шешуге болмайды. Айналмалы бөлшектердің қаптамасында айналу бағыты көрсетілген тіл салынады. Электр қозғаушы күшінің сыртқа шығарылатын орамасын қаптайды.

Мотор мен желдеткіштерге дыбысты азайту мақсатында ароматизаторлар орнатылады, ауа құбырлары дыбысжұтқыш материалдармен өңделеді, желдеткіштер ауа құбырларына брезент немесе резеңке материалдармен жалғанады. Моторлар мен желдеткіштерді оқшауланған камераларға орналастырған дұрыс. Металл ауа құбырлары жерге тұйықталу керек.

237. Едендердегі бүкіл ашық ойыстар, өткелдер мен көпіршіктер компрессорлық, желдеткіш және сорғыш бөлмелерде биіктігі 1 м кем емес тіреуіш (борттық элементінің биіктігі қоршау негізінің деңгейі мен орта аралық элементінен - 0,15 м) болу қажет.

238. Шамдардың ауа суыту желдеткіштері шуылдың интегралды деңгейі мүмкін нормалардан шығатын болса, аппаратты бөлмеден (шкафтар, тіректер) шығарылып,

қапталады. Желдеткіш корпустары мен олардың сөндіргіштері жерге тұйықталады. Ауа жеткізгіш шлангтер шам радиаторларына тимеу керек.

Желдеткіш агрегаттарда, қашықтықтан, басқа бөлмеден басқарылатын сорғыштар мен компрессорлардың электр моторларында жеке сөндіргіш орнату қажет. Ол сөндіргіш апаттық тоқтатуға, жөндеу және алдын алу жұмыстарын жүргізгенде қолданылады.

239. Сыртқа тепкіш желдеткіштердің ашық жұтып алатын тесіктері металл тормен қоршалады. Тор ұяшығының өлшемі - 20x20 мм.

240. Компрессор, сорғыш пен желдеткіштердің электр қозғаушы күштерінің қолмен бағытталатын жіберуші қондырғыларының маңайында, еден үсті диэлектр кілемімен жабылған. Ал дымқыл бөлмелерде еден оқшаулау жабындысымен қапталады.

241. Компрессор, желдеткіштер мен сорғыштарды жұмыс жасап тұрған күйінде тазалауға, жөндеуге, сүртуге (сонымен қатар, бұрандамаларды тартуға) болмайды. Агрегат бөлшектерін майлауға тек арнайы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғылар болғанда ғана рұқсат етіледі. Жөндеу жұмыстарын жасаған уақытта, желдеткіш қалақтары жұмыстарын тоқтатады.

242. Тазалау және жөндеу жұмыстары кезінде насос, компрессор және желдеткіштің қозғаушы күштері қуат көзінен айырылады; насостар мен компрессорлар жүйеден ажыратылып, қысымы алынады. Өзімен қатар резервте орнатылып, жұмыс жасайтын сорғыш арнайы шаралар ұйымдастырылғаннан кейін, турбина болып жұмыс жасамайтындай, (бүкіл сорғыш және желдеткіштер жабық тұруы керек) жөнделеді.

243. Компрессор және сорғыш бөлмелерде, жабылатын темір жәшіктерде шүберектер сақталуы тиіс.

244. Құбырлар мен ауа құбырларының вентильдері мен жапқыштары бөлме еденінен, қауіпсіз сатылардан немесе арнайы алаңдардан қолжетімді жерде тұруы тиіс.

245. Құдықтар, камералар және туннельдер кернеуі 12 В-тан жоғары емес тасымалды электр шамдарымен немесе жарылмайтын аккумулятор жарығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

246. Құбырлар мен ауа құбырларындағы бүкіл жұмыстар қысым алынып тастағанда жүргізіледі. Қысымның келуі бекітулі арматурамен берік жабылады. Бекітулі арматураның қолсабында "Адамдар жұмыс істеп жатыр. Ашуға болмайды" белгісін жабыстырып қою қажет.

Құбырды майдан өртеу арқылы тазалауға болмайды.

247. Маңайында жұмыстар жүргізіліп жатқан жабдықтың қозғалмалы немесе токөтер бөліктері қоршалады немесе сөндіріледі.

248. Жүйені қысым астында сынақтан өткізгенде құбырда кез келген жұмыс жасау, сонымен қатар құбырды тарсылдатуға тыйым салынады.

17. Жеке жұмыстар орындағанда қауіпсіздік талаптары

1-параграф. Жүк тиеу және түсіру жұмыстары

249. Жүк тиеу және түсіру жұмыстары арнайы қатты және тегіс жерде жүргізіледі.

250. Жүк тиеу және түсіру жұмыстары механикалық әдіспен көтеру-тасу жабдығында (крандар, жүк тиегіш машиналар) және кіші механизация құралдарымен (блоктар) жүргізіледі.

251. Жүк тиеу және түсіру жұмыстарында механикалық әдіс 20 кг асатын және 3 м аса биіктікке жүктерді көтеру үшін міндетті.

252. Жүкті қолмен тасығанда 18 жастан асқан бір ер адамға біркелкі көлденең тегістікте 20 килограмм артық, ал әйел адамға 10 килограмм артық көтеруге болмайды (осы Талаптардың 11-қосымшасы).

253. Трансформаторларды, машиналарды және басқа да ауыр жүктерді көтеруге арқандарға ілу жүйесі қарастырылады. Трос арқаны каркастарға, рамаларға және бұл тізбекке арналған арнайы бөлшектерге беку керек (шығыршықтар, қапсырмалар).

254. Ауыр жүктерді катоктардың көмегімен көлденең тегістік үстімен жүргізуге болады.

255. Катокпен тасымалдаған кезде, жол бүкіл бөгде заттардан тазаланады. Каток шеттері жүктен 0,5 м-ден артық шығып тұрмауы керек. Катокты жүк астына әкелу үшін сүймен және домкраттарды қолдану керек. Жүк аунап кетпеуі үшін, жүктің алдыңғы бөлігіне салынатын қосымша катоктар қажет.

256. Жүк көлбеу тегістікпен келе жатқанда, оның өз салмағының арқасында төмен қарай сырғып түсіп кетпеуі үшін, тежегіш қондырғылар қолдану қажет.

257. Тасымалданып, көтеріліп, төмен түсіп келе жатқан жүктің астында тұруға болмайды.

258. Бүкіл жүк тиеу және түсіру жұмыстарды қолқап, ал жүккөтергіш механизм көмегімен жасалатын жұмысты қорғаныс қалпағын киіп орындау керек.

2-параграф. Биіктіктегі жұмыстар

259. Биіктіктегі жұмыстар болып жерден вертикаль бойынша 1,3 м жоғары қашықтықта орындалатын жұмыстарды айтады.

260. Биіктіктегі жұмыстарға 18-ден жас емес, медициналық тексерісті өткен, және жарамды деп есептелген, тиісті бағдарлама бойынша оқытылған және биіктіктегі жұмыстарға рұқсаты бар тұлғалар рұқсат етіледі.

261. Биіктікте жұмыс жасағанда, орындалып жатқан жұмыстардың сипаттамасы мен жағдайына байланысты арнайы қондырғылар қолданылады: төсеніштер, баспалдақтар, жылжымалы сатылар және басқа да құралдар. Кез келген тіректерді (жәшіктер, кірпіштер) қолдануға тыйым салынады.

262. Ағаш төсеніштер құрғақ қылқан немесе жапырақтан жасалған, жарықсыз және бұтақсыз ағаштан жасалуы тиіс. Қолданылатын тақтайшалардың жуандығы кем дегенде 50 мм болуы қажет.

263. Ағаш төсеніштердің ені кемінде бір метр беті болуы керек, тақтайлар арасындағы саңылаулар 5 мм аспауы керек. Төсеніштің майысуы максималды есеп қуатында 20 мм аспауы керек. Төсеніштің шетінен жөнделетін құрылысқа дейінгі қашықтық 50 мм аспауы керек. Өңдеу жұмыстары кезінде – саңылау 150 мм. Жұмыс жүргізілмеген кезде, ғимарат пен орман арасындағы осындау саңылау жабылуы керек.

264. Төсеніштердің тұтқасы, шеттері (борт тақтайшасы) және бір аралық көлденең элемент болуы керек. Тұтқасының биіктігі – 1 м, ал шеттері - 0,15 м кем емес. Төсеніш тұрақтарының қашықтығы 2 м аспауы керек.

Төсенішке борт тақтайшалары орнатылады, тұтқалары тіректердің ішкі жақтарына бекітіледі. Ағаш тұтқаларда шөгір болмауы керек.

265. Қызмет ету кезінде, сонымен қатар, электр қондырғыларын жөндеу барысында металл сатылар мен жеңіл баспалдақтарды қолдануға болмайды. Тасымал сатылар мен жеңіл баспалдақтар құрғақ кесілген қылқан бұтақсыз материалдардан жасалады. Бүкіл сатылардың бөлшектерінің сыртқы қабаты жонылған, тегіс болуы керек.

266. Саты баспалдақтары садақ бауындау кесілген болуы керек. Баспалдақ аралары 0,25 м кем емес, 0,4 м артық емес болуы керек.

267. Баспалдақтың бауы диаметрі 8 мм кем емес әр 2 м сайын және жоғарғы мен төменгі сатылары тартқыш бұрандамамен бекінуі тиіс.

268. Тасымал сатының ұзындығы жұмыс жасауға мүмкіндік туғызуы керек. Ең соңғы сатыдан жұмысшы 1 м-ден кем емес қашықтықта тұруы керек. Саты ұзындығы 5 м-ден артпауы керек.

Тасымал сатыны тегістіктен 70^0 - 75^0 бұрышта тұруы керек. Сатыны, жоғарғы жағында қосымша тірексіз, 75^0 бұрыштан артық орнатуға болмайды.

269. Тасымал сатының төменгі жағында үшкір қаптамасы бар, ал тегіс немесе кедір-бұдырлы еденге (паркет, плитка, бетон) қою үшін резина аяқ киімі бар. Қажет болған жағдайларда, сатының жоғарғы жақтарында арнайы ілмектер бар. Жылжымалы сатымен 1,3 м-ден астам биіктіктегі жұмыста ғимарат құрылымына немесе сатыға бекіген сақтандырушы белдік киюі қажет.

270. Алаңды жеңіл баспалдақтар пирамида тәріздес, берік және оңай жылжитын болуы керек. Доңғалағы бар жеңіл баспалдақтың жұмыс барысында доңғалақтарын тежейтін тежегіштері болуы керек. Жеңіл баспалдақ алаңының биіктігі 1,0 м, және қоршауға алынады (тірек пен таяныш)

271. Жылжымалы сатылардың өздігінен ашылып кетуін болдырмайтын тежегіштері болуы керек.

272. Таянышы жоқ сатының жоғарғы екі сатысынан жұмыс жасауға, баспалдағында бір адамнан артық адамдардың орналасуына тыйым салынады. Биіктіктен бір сатыдан екінші сатыға өтуге.

273. Сатыда жұмыс жасауға болмайды:

жұмыс жасап жатқан машинаның, біліктердің, тегершіктердің, транспортерлердің қасында немесе үстінде.

механикалық құрал қолдана отырып, сымдар тартып және биіктікте ауыр заттар ұстап тұруға;

тасымалды электр құралымен.

Көрсетілген жұмыстарды орындау үшін, арнайы ағаш материалдарын немесе таянышы бар жеңіл баспалдақтарды қолдану керек.

274. Баспалдақта жұмыс жасаудан бұрын, оны дұрыс орнатып, беріктігіне сеніп алған жөн.

275. Егер адамдар жүрген жерде сатының жоғарғы жағын берік орнатуға мүмкіндік жоқ болса, сатының құлауын алдын алу мақсатында, оны екінші адам қолымен ұстап тұруы керек (сатының сирақтарында қаптама болған жағдайда да).

276. Баспалдақ торының маршында биіктікте жұмыс жасау үшін, арнайы төсеніштер пайдалану керек.

277. Ағаш сатыны тексерген уақытта, материалдың күйі, оның талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Баспалдақтарда ұзындығы бойынша жарықтардың ұзындығы көп дегенде 100 мм ал тереңдігі – 5 мм. Жарықтардың орналасуы мен бағыты баспалдақты әлсіретпеу керек. Жарықтарды қандай болса да әдіспен желімдеп, жабуға болмайды.

Ені бойынша жарықтар болуы мүмкін емес.

Баспалдақтардың металл бөліктерінде жарықтар, шөгірлер немесе өткір жиектер болмау керек. Тетиваның төменгі тірек бөлігі тексеріледі. Тіректер берік бекітіліп, люфты болмау керек. Резина бөліктері өшірілген жағдайда, олар ауыстырылып, мұқалған шабақтар қайралуы тиіс.

278. Баспалдақтар мен сатыларды жаңадан жасап немесе толық жөндеуден өткізгеннен кейін жай тұрғанда 150 килограмм, ал пайдалану барысында 120 килограмм статикалық салмақпен сынақтан өткізіледі. Аталған жүк 20 минутке қабырғаға немесе құрылғыға сүйеп қойған баспалдақ немесе сатының тиянақталмаған жазықтыққа 75 градус қатысты етіп орта тұсына салынып, сыналады. Жүкті түсіргеннен кейін баспалдақтарда және олардың адырнаға кіріктірген тұстарында ақаулар болмауы керек.

279. Егер сатының баспалдақтары біріктірілген қос иінінде де болса, бірінші иінін сынаған тәсілмен екінші иінді де сынау керек.

280. Ұйым ағаш баспалдақтар мен сатылардың мерзімдік сынақ мезгілдерін пайдалану жиілігіне сәйкес, бірақ алты айда бір реттен кем емес етіп белгілейді.

281. Сынақ барысы кәсіпорынның техникалық басшысы бекіткен кесім арқылы рәсімделіп, арнайы журналға тіркеледі. Баспалдақтардың (сатылардың) кезекті сынақ мерзімі адырналарға жазылады.

282. Әрбір пайдаланымдағы баспалдақ пен сатыға (мүліктік) инвентарлық нөмір қойылады. Бұл нөмір, сонымен қатар қай цехқа, бөлімшеге жататыны көрсетіліп, адырналарға белгіленеді.

4-параграф. Электрқұралмен, электрлі қол машиналармен және электрлі қол шырақтармен жұмыс істеудегі қауіпсіздік шаралары

283. Электрқұралдары және электрлі қол машиналары талаптарына сай болуы керек. Тоққа түсу қаупі өте жоғары ғимараттар мен олардың сырттарына электр құралымен және 1-кластық электрлі қол машиналарымен жұмыс істеуге электр қауіпсіздігі жөнінен II-ден төмен емес санат дәрежесі бар қызметкерге ғана беріледі.

Қосымша жабдықтау бөлшегін (трансформатор, жиілікті түрлендіруші аспап, қорғамалы тоқтан ажыратқыш құрылғы) торапқа (желіге) қосу немесе ажырату жұмысын электр қауіпсіздігі жөнінен III-тен төмен емес санатты маман жүзеге асыра алады.

284. Электр тоғымен зақымдалу қаупінің дәрежесін бақылайтын ғимарат категориясына қарай, электр құралдары мен электрлі қол машиналарының бірнеше түрлі кластары төмендегідей ретпен қолданылады:

1-класты машина-өндіріс жағдайларын дұрыс пайдалануда (құрылыс монтажды жұмыстардың дайындығы мен өндірілуінен басқа). Жұмыс істегенде 1-класты электр құралы мен электрлі қол машинасын жеке қорғаныс құралдарымен пайдалану керек. Егер машина мен құралдың біреуі ажыратушы трансформатордан қуат алса, оларды қорғаныс құралдарынсыз пайдалануға болады;

2-класты машина-құрылыс - монтажды жұмыстарды өндіру және дайындау жағдайынан тыс, 2-кластық электр машиналары мен құралдарды пайдаланып жұмыс істегенде, аталған құралдарды пайдалану қажет болған жағдайда, жеке қорғаныс құралын қолданбауға болады;

3-класты машина-қолайлы емес жұмыс жағдайлары болған кезде, (ауыспалылығы шектеулі ыдыстарда, аппараттарда және басқа да металды ыдыстарда) құрылыс-монтажды жұмыстарын дайындау мен өндіру барысындағы қауіпті жағдайларда.

Құрылыс-монтажды жұмыстарын дайындау және өндіру барысындағы мұндай жағдайларды 2-кластық электрлі қол машиналары мен құралдарын қолдануда жеке қорғаныс құралы қажеттілік етеді.

3-кластық электрлі қол машинасы мен құрал болмаған жағдайда, электршаруашылығына жауапты маман 1-2-кластық машина мен құралды пайдалануға

рұқсат бере алады. Бірақ, рұқсатты беру үшін, машина немесе құралдың біреуі ғана автономды қозғалтқыш генераторының қондырғысынан, ажыратқыш трансформаторынан немесе бөлек ораулары түрлендіргіштен және қорғамалы тоқтан ажырату құрылғысынан қуат алуы керек.

Жұмыс оқшаулағышы және қосылғыш элементі бар өнімдер 1-кластың қатарына жатады.

Қос оқшаулағышы және жерге қосыла алмайтын элементі бар өнімдер 2-кластың қатарына кіреді.

Кернеуі іштей және сырттай тоқ кернеуі 42 Вольттан жоғары электр тізбегі жоқ өнімдер, 3-кластың қатарына кіреді.

285. Электр құралды торапқа қосу үшін, 1,5 шаршы миллиметрден кем емес желі қимасы бар немесе шлангі сымы қолданылуы керек. Ондай тоқ сымы болмаған жағдайда, резеңке шлангінің ішіне салынған, 500 Вольттан төмен емес кернеуден ажыратыла алатын ПРГ иілгіш тоқ өткізгіш сымын қолдануға рұқсат етіледі.

Кабель сымдарының қаптамасы электр құралына енгізіліп және олардың сынуы мен қажалуын болдырмауы үшін мықтап бекітілуі керек.

286. Электрқұралдың корпусын жерге жерге тұйықтау бір мезгілде жұмыс кернеуіндегі тоқ өткізгіштік қызметін атқара алмайтын, қуат алушы сымның арнайы желісі арқылы орындалады. Бұл мақсатқа нөлдік тұйықтықтағы қорғамалы тоқ өткізгіш сымын қолдануға тыйым салынады. Осыған байланысты үш фазалы электр құралды қуаттандыру үшін төртжелілі сым, ал бір фазалыға-үшжелілі шлангі сым қолданылуы керек.

Шлангімен тоқ өткізгіш сымы лайықты жұмыстың түйілісі мен жерге қосу құралы бар, штепсельді айырдың соңына жабдықталуы керек.

"Айыр" аспабының жерге қосылу түйілісін тоққа ерте қосылуы мен кештетіп ажыратылуын қамтамасыз етуі керек. Ондай штепсельді жалғаулар болмаса, құралды жерге қосу үшін құралдың корпусына арнайы жерге қосу қысқышымен жалғанған, 4 шаршы миллиметрден кем емес қималы, жалаңаш мыс сымды пайдалануға болады.

287. Электрқұралы күші азайған трансформатордан қуат алған жағдайда, құралдың сыртының жерге қосылуы күші азайған трансформатордың жерге қосу қысқышынан, қуат алушы шлангілі тоқ өткізгіштің жерге қосатын желісіне жалғануы арқылы жүзеге асырылады. Электрқұралдың қуат алуы үшін автотрансформаторларды қолдануға тыйым салынады.

288. Электрлі қол машиналары, қол шырақтары және электрқұралымен жұмыс істеудің алдында не өндірілуі керек:

бөлшектердің беріктігі мен жинағының толықтығы;

сырттан тексеру арқылы кабельдің дұрыстығын, оның қорғамалы тетігін және штепсельді айырын, корпусының оқшаулағыш қозғалтқышының бүтіндігін тұтқалар мен электр сақинасының шатырын тексеру;

қорғамалы қаптаманың жинағының толықтығы мен оның дұрыстығын тексеру;
ток үзердің анықтылығын тексеру;
бос жүрістегі жұмысты тексеру.

1-класты машинаның жерге тұйықталуын тексеру (машинаның корпусы мен штепсель айырының жерге тұйықталған байланысының арасында).

Электрлі қол машиналарын, қол шырақтарын, электр құралдарын және қосымша жабдықтарының ақаулары болса, жұмысқа пайдаланылуға беруге тыйым салынады.

289. Электр құралдары мен электр қол машиналарын пайдаланатын мамандарға тыйым салынады:

электрқұралды және электрлі қол машиналарын аз уақытқа болса да басқа адамдарға беруге;

электрқұрал мен электрлі қол машинасын бөлшектеп, өзіндік жөндеу жұмыстарын жүргізуге (солармен бірге тоқ өткізгіш сымдарды, штепсель жалғанған жерлерді);

электрлі қол машинасы мен электрқұралдың сымынан немесе айналмалы өткір құралынан ұстануға;

электрлі ток машинасы әбден тоқтағанша, үгінділер мен жоңқаларды қолмен жинауға;

жиылмалы басқыш сатыдан жұмыс істеуге; ол үшін мықты ағаштар немесе төсеме тақта құрылуы керек;

электрлі қол машинасы мен электрқұралды бақылаусыз және электр торабына қосылған күйі қалдыруға;

барабанның ішіне қазан, металды резервуарлар, тасымалды трансформаторлар мен жиілік түрлендірушілерді.

290. Электр құралына инвентарлы нөмір беріліп, құрғақ, жылы ғимарат ішіндегі шкафтың ішінде немесе сөреде сақталуы керек.

291. Электр құралын тексергенде:

электр құралының қозғағышы мен торабын бекітетін бұрандалардың тартылғанын; тоқ өткізгіш сымның жағдайын (желінің сынған және ажыратылған жеріндегі ішкі зақымдалудың жоқтығын).

сөндіргіш жарамдылығы мен жерге тұйықталуына аса зор мән беру керек.

292. Электрлі қол шырақтары асып қоятын рефлекторы және ілмегі бар сақтандырғыш торымен жабдықталуы керек. Ол сақтандырғыш торы бұранданың тұтқасына бұрауыштың көмегімен ғана алынатындай етіп бекітілуі керек.

Шырақтардың тоқ өткізгіш сымына жалғану талаптары электрқұралдың жалғану талаптарымен бірдей.

293. Қауіптілігі жоғары ғимараттардағы жұмыс барысында, кернеуі 42 Вольттан жоғары емес электрлі қол шырақтары қолданылады. Ал өте қауіпті әрі қолайлы емес жағдайларда кернеуі 12 Вольттан жоғары емес қол шырақтары пайдаланылу керек.

Кернеуі 42 Вольтқа дейінгі шырақтардың қуат алуы үшін төмендетілген трансформаторлар, машиналық түрлендіргіштер, генераторлар мен аккумуляторлық батареялар керек.

Бұл мақсаттарда автотрансформаторларды қолдануға тыйым салынады.

294. Кернеуі 42 Вольтқа дейінгі штепсельді розетка желісі кернеуі 127 немесе 220 Вольтты розетка желісінен құрылысы бойынша ерекшеленуі керек. Қол шырақтардың айырлары (жалғаулары) кернеуі 127 немесе 220 Вольтты желіге қосылып кету мүмкіндігін жібермеуі керек.

295. Электр құралы мен электрлі қол шырақтарын сақтау және дұрыстығына бақылау жасаушы маман электр қауіпсіздігі бойынша III-тен төмен емес санат дәрежесі бар, ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған тұлға болуы керек.

296. Корпуста тұйықталудың, жерге қосылған желінің немесе сымдардың үзілген жерінің, электрқұралы мен электрлі қол шырақтарында оқшаулаушы кедергінің жоқ екендігі айына бір рет кернеуі 500 В мегомметрмен тексеріледі.

297. Корпустың іші мен сыртындағы металды қозғағыштарға қатысты электр құралының ток жүріп тұрған кабелі мен орауындағы оқшаулау кедергісі 0,5 Микро ом кем емес, 2-кластық өнімдер үшін - 2 Микро Ом; күрделі жөндеуден кейін: жұмыстан оқшаулаушы кернеу астындағы қозғағыштар кедергісі - 2 Микро Ом, қосымша үшін - 5 Микро Ом, күшейтілген оқшаулағыш үшін – 7 Микро Ом.

Төмендетілген трансформаторлардың оқшаулау кедергісі бірінші және екінші ораулардың аралығында және ораулар мен корпустың әр бөліктері аралығында өлшенеді. Сынақ алты айда бір рет жүргізіледі.

4 параграф. Жабдықтарды сынақтан өткізу және өлшеу

Бөгде ток көздерінен жоғары кернеулі ток алуды сынақтан өткізу

298. Сынақтар құрамында екі адамнан кем емес, оның ішінде электірқауіпсіздігі жөнінде жұмыс ұйымдастырушысының IV-тен төмен емес, ал қалғандарының III-тен төмен емес санаттық топтары бар бригада өткізуі тиіс.

Сынақтарды арнайы дайындықтан өткен және сынақ өткізу кестесін білу дәрежесі тексерілген және жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларға сынақ жүргізу тәжірибесі бар мамандар ғана өткізе алады.

Сынаққа жіберілген адамдар осы жөнінде сынақ төлқұжатына сынаққа жіберілгендігі туралы белгі қойғызып алуы керек.

299. Кернеуі 1000 Вольттан асатын электрқондырғылардағы жұмыстар наряд бойынша атқарылады. Қорек жеткізуші кабелдері ағытылған және олардың ұштары жерге қосылған кернеуі 1000 Вольттан асатын электрқозғағыштарды сынау жұмыстары жарлық бойынша атқарылады.

300. Сынақ жүргізу және жұмыс орындарын сынаққа дайындауға наряд бойынша атқарылатын жұмыстар сынаққа жататын жабдықта жұмыс істеп жатқан бригаданың нарядтарын тапсырып, жұмыс орнын босатқаннан кейін ғана басталуы тиіс.

301. Сынақ жүргізетін бригаданың құрамына алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу үшін, сынақтан өтетін жабдықты күзету үшін, сонымен қатар сым орамаларын ажыратып және біріктіріп тұру үшін жөндеу қызметінің саласынан электрқауіпсіздігі жөніндегі санаты II-ші топтан кем емес мамандар кіргізілуі мүмкін. Сынақ басталмай тұрып жұмыс ұйымдастырушы бұл жұмыскерлермен сынақ барысында ұстанатын қауіпсіздік шаралары жөнінде нұсқаулық әңгіме өткізуге міндетті.

Жабдықтың жөндеу немесе орнату жұмыстарын атқарып жүрген бригаданың құрамына сынақ өткізу үшін жөндеу жұмыстарымен айналысатын ұйымдардың немесе электр зертханалардың мамандарының да тартылуы мүмкін. Бұндай жағдайларда сынақтарға басшылықты жұмыс ұйымдастырушының өзі немесе соның ұсынысымен бекітілген зертхананың не жөндеу жұмыстарымен айналысатын ұйымның электрқауіпсіздігі жөнінде санат тобы IV-тен төмен емес аға маманы да жасауы мүмкін.

302. Ток жүріп тұрған бөліктері жаппай немесе торлы қоршаулармен жабылған, сонымен бірге, қуатты генератор шамдарының электрондық құралдарымен /УТЭП, М-50/ жаттықтырылған, әрі стендыны /арнаулы орын/ пайдалану арқылы, кернеуі 1000 Вольттан жоғары электр қондырғысынан тыс жүргізілетін оқшаулағыш материалдар мен өнімдерге /қорғаныс құралы, әр түрлі оқшаулаушы қозғағыштар/ жаппай сынақты ағымды пайдалану ретін сақтай отырып, электрқауіпсіздігі жөнінде санаты III-тен төмен емес жалғыз маман жүргізуі керек.

Жөндеу-профилактикалық жұмыс уақытында әсер етуші таратқыштың сызбасындағы қуатты генераторлық шамдардың қаттылану жұмыстары наряд арқылы құрамында екі адамнан кем емес бригадамен жүзеге асырылуы керек. Сонымен бірге, жұмысты өндіруші маманның электр қауіпсіздігі жөнінде санаты IV-тен төмен емес, ал бригада мүшесінің санаты III-тен төмен болмауы керек.

303. Сынақ тізбектерін жинауда, ең біріншіден, сынақ қондырғысының қорғамалы және тұрақты жұмысқа жарамды жерге қосу құралы, егер қажет болса, сыналатын жабдық корпусының қорғамалы жерге қосқышының жұмысы орындалады. Сынау қондырғысын 380/220В желіге қосар алдында қондырғының жоғары ток кернеуі сыртқа шығарылатын өткізгішіне жерге қосу құрылғысы салынады. Сыртқа шығарылған өткізгіштің жерге қосылуына көмегі тиетін мыс сымдардың қимасы 4 кв.миллиметрден кем болмауы керек.

Жабдықтың сынау тізбегін жинау жұмысын сынақ жүргізетін бригада қызметкері жүзеге асырады.

Жұмысты өндіруші маман сынақты жүргізер алдында тізбектердің дұрыс жиналғанын, тұрақты жұмысқа жарамдылығын және қорғамалы жерге қосу құралының беріктілігін тексеруге міндетті.

304. Сынақтарды кедергі келтіретін электрқондырғылардағы салынған жерге тұйықтауларды қаптама кезінде, сынақты басқаратын тұлғаның нұсқауы бойынша рұқсат етіледі.

305. Сынау орны, сонымен бірге сынау кезінде сынақ кернеуі астындағы дәнекер сымдар қоршалады. Қоршау жұмыстарын сынақты жүзеге асырушы бригада қызметкері атқарады. Қоршаулар ретінде шынжыр арқанды, тосқауыл заттар мен қалқандарды пайдаланып, оларға Сынақ жүріп жатыр. Өмір үшін қауіпті" деп жазылған плакаттар іліп немесе сондай жазулары бар жарықты таблоны қолдануға болады. Егер сынауда кернеу астындағы дәнекер сымдар кернеуі 1000 Вольттан жоғары электрқондырғы ғимаратынан тыс орналасса (дәлізде, сатыда, өтер жолда, аумақта), онда қоршау жанына электрқауіпсіздігі жөнінде санаты II-ден төмен емес, сынақ жайында ақпараттандырылып, нарядқа енгізілген бір немесе бірнеше бақылаушы қойылады. Күзететін бригада мүшелері қоршалған жерден тысқары орналастырылады.

Жұмысты өндіруші қызметкер күзетушілердің орнында екендерін және сынақтың басталуынан хабардар екендеріне көз жеткізуі керек. Күзетушілер орындарын жұмыс өндірушінің рұқсатымен тастап кете алады.

306. Сынақ қондырғыларын және сынақтағы жабдықтарды әр түрлі ғимарат немесе әр түрлі аймақтарға орналастыру барысында, электр қауіпсіздігі жөнінен санаты III-тен төмен емес және жұмыс өндірушілерден бөлек, токтан ажырату жағдайына бақылау жасаушы бригада мүшелерінің болуына рұқсат беріледі. Бұл бригада мүшелері сынақ басталудың алдында жұмыс өндірушіден қажетті нұсқау алып, қоршалған жерден тысқары орналастырылу керек.

307. Кабельді сынау кезінде, егер оның қарама-қарсы шеті жабық камерада, РУ ұяшығында (ячейка) немесе ғимаратта орналасса, олардың есіктеріне немесе қоршауларына "Сынау кезі. Өмір үшін қауіпті" делінген плакаттар ілінеді. Егер бұл есіктер мен қоршаулар жабылмай немесе сынаққа жататын трасса бойындағы шеті жалаңашталған кабельдер болса, онда плакат ілуден басқа есіктің, қоршаудың және кабельдің жалаңашталған ұшына электрқауіпсіздігі жөнінен санаты II-ден төмен емес, нарядқа кірген мамандардан арнайы күзет қойылады.

308. Сынау қондырғысын кернеуі 380/220 Вольт. Желіге жалғау жұмысы үзілген тізбегі көрінетін коммутациялы аппарат немесе қондырғыны басқаратын орында орналасқан штепсельді айырлар арқылы жүзеге асырылады.

Коммутациялы аппарат тоқтатқыш құрылғыларымен жабдықталады немесе аппараттың жылжитын және жылжымайтын түйілістері аралығына оқшаулағыш жапсырма қондырылады.

309. Дәнекер ток өткізгіш сымды фазаға, сынақтағы жабдықтау полюсіне немесе кабель желісіне түйістіруге және оны ажырату жұмыстары жерге қосылып біткеннен кейін әрі сынаққа жетекшілік ететін қызметкердің нұсқауымен рұқсат етіледі.

310. Сынау қондырғысына сынақ кернеуін жіберер алдында жұмыс өндіруші міндетті түрде:

тиісті жерде барлық бригада мүшелерінің болуын, бөтен адамдардың жоқтығын, жабдықтау жеріне сынақ кернеуін жіберуге болатынын тексеруі керек;

бригадаға кернеу жіберілетінін ескерту, барлығының естігеніне көзі жеткен соң, сынақ қондырғысының сыртқа шығарылған өткізгішінен жерге қосу құралын алып, сосын барып 380/22 Вольт кернеуді жіберуі керек.

